

Көл тағдыры – ел тағдыры




2-бет

Тарих тағылымы таразыланған күн



4-бет

Аңыз актермен жүздесу



8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz | СЕНБІ, 1 МАУСЫМ, 2024 ЖЫЛ №60 (23 382) | www.facebook.com/ortalyq.kz | info@ortalyq.kz

Құрметті ата-аналар, қымбатты балалар!

Сіздерді 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Балалар – біздің болашағымыз, өмірдің мәні және ең аяулы үкілеген үмітіміз. Бала тәрбиелен отырған әрбір отбасы ел болашағына зор үлес қосуда.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеуге баса назар аудару аса маңызды. Біз олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуіміз керек. Өйткені, бұл – біздің мемлекетіміздің басты басымдықтарының бірі.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев балаларымыздың бақытты балалық шағы мен олардың үйлесімді дамуы біздің ортақ міндетіміз екенін атап өткен болатын. Сондай-ақ, балаларды құқықтық және әлеуметтік қорғауға назар аудару аса маңызды.

Өскелең ұрпақты олардың тәрбиесіне қажетті дүниелермен қамтамасыз ету, елдің дамуы мен нығаюына және жарқын болашақ құруымызға негіз болады.

Құрметті балалар, сіздерді мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Сіздерге және ата-аналарыңызға зор денсаулық пен бақыт тілейміз.

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• БҮГІН – БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

«Балаларға берейікші жер шарын!»

Назым Хикметтің Жүмекен ақын аударған өлеңінің осы бір жолында балаға деген барша адамзаттың пейілі тұр. Өмірінді қызық пен қуанышқа бөлейтін балалардың әр күні мереке болса дейсін. Тек ерекше көңіл күйде өтетін балалар мерекесінде ғана емес, балалар үшін дүниенің бәрі тегін болса деген де тілек бар... Алайда, дүрбелеңге толы дүниедегі көптеген келенсіз оқиғалардың бел ортасында жазықсыз, бейкүнә сәбилер жапа шегуде. Осыны ескерген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деді.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бала – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз солай болмақ. Бүгінде еліміз әрбір баланың тең құқықтарын қамтамасыз етудегі жаһандық міндеттемелерге жауапкершілікпен қарайды. Оған қоса, Президент тапсырмасына сәйкес ұлттық мониторинг – Балалардың әл-ауқаты индексі енгізілген.

Баланың мүддесі жолында атқарылып жатқан игі істер аз емес...

Қазақстан дүние жүзіндегі балалардың өмірін өзгертуде шешуші рөл атқаратын әлем тарихында ең көп ел қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенцияға (БҚК) қол қойған. Осы орайда соңғы үш онжылдықта елімізде бес жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітім бес есе, ал, жаңа туған нәрестелер арасындағы өлім-жітім үш жарым есе төмендеді. Қазақстанның әрбір өңіріне бала құқықтары жөніндегі уәкілдер тағайындалғалы баланың құқығы мен мүддесінің бұзылуы да азайды.

2023 жылы елімізде Әлеуметтік кодексті қабылдап, мемлекеттік жәрдемақылар мен бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдерді төлеу мерзімі ұзартылды.

Ал, биыл «Ұлттық қор – балаларға» жобасы жүзесе асты. Нәтижесінде Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50

пайызы 18 жасқа дейінгі барлық балаға үлестірілді.

БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілінің міндетін атқарушы Летисия Баззи-Вейл атап кеткендей, «Өткенге көз жүгіртсек, Қазақстан 30 жыл ішінде балалардың құқықтарын қорғауда елеулі жетістіктерге жетті деп нық сеніммен айтуға болады. 1992 жылы Қазақстан ЮНИСЕФ жағдайды зерттеу үшін көпсалалы миссия жіберген алғашқы ел атанды. Сол жылы ЮНИСЕФ балаларға арналған қажетті дәрі-дәрмектер және вакциналар беріп, көмек көрсетті. Отыз жыл бойы ЮНИСЕФ Қазақстанда жұмыс істеп, әрбір баланың аман-саулығын қорғап, ілгері бастырумен, үкімет пен азаматтық қоғамға қажетті көмек көрсетумен айналысып келеді.

30 жылдық мерейтой – жеткен жетістіктерді атап өтудің тамаша мүмкіндігі, сонымен қатар, жаңа сын-қатерлер мен басымдықтарды анықтаудың да амалы болып табылады. Олардың ішінде: серіктестерді және балалардың құқықтарын жүзеге асыру мақсаттарын біріктіретін балалардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ұлттық стратегиясын әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ, балалардың құқықтарына мониторинг жүргізудің кешенді жүйесін дамыту. Мұның бәрі Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сай балалардың құқықтарын қорғаудағы ілгерілеуді жеделдетуге көмектеседі.

Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанованың айтуынша, 30 жыл ішінде еліміз балаларды қорғау мен олардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде елеулі жұмыс атқарған.

Еліміздің барлық стратегиялық құжаттарында басты игілік алушылар – балалар болғандықтан, әлем елдері балалардың әл-ауқатын бағалап, арнайы әдістемелер әзірлейді. Қазақстан бұл істен шет қалған жоқ.

СУРЕТТЕ: «Шанырақ» бөбекжайының бүлдіршіндері

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 ТҒ
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 ТҒ

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.
Анықтама телефондары: Тел.: 43-57-89
Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05;
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Мемлекеттік тіл тұғырдан түспейді

«Келесі мәселе. Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала береді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны әлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында. Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілікті арттыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек».

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінен



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Журналистер – ана тілінің мүддесіне жұмыс істейтін қауым. Қызғыш құсы десек те, артық айтқанымыз емес. Қашан да солай болып қала бермек. Мемлекеттік тілдің қадірін сақтау хәм тұғырын одан әрі биіктету – аймақтың бас басылымы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің негізгі миссияларының бірі. Сол себепті, тілге қатысты бір мәселе туындаса, дабыл қағуға толық хақымыз бар деп есептейміз. Мәселеге төтесінен келсек, өкінішке қарай, кейбір облыстық басқармалардың ресми жиындары шамамен 80% орыс тілінде өтеді. Есендесуі ғана қазақша. Ал, Сәкен Сейфуллин «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды» демеп пе еді?! Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында осы мәселеге тоқталған. Президент сөзіне сүйеніп, біз де үн қосып отырмыз.



► 4-бет



Жаңғырту жаңаруға жол ашады

Облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаев іссапармен Балқаш қаласына барып, шаһардың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысты. Сапар барысында бірқатар нысандарды аралап, мәселелерді бақылауға алды. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жүргізіліп жатқан құрылыстардың барысын көрді. Биыл жөндеуді қажет ететін нысандарды қалыпқа келтіру туралы шешім қабылданды.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен облыс әкімі жөндеу жұмыстары жоспарланған жылыжайға барды. Айта кетейік, бүгінде Балқаш қаласында қараусыз қалған жылыжайды қайта қалыпқа келтіруге ниет білдірген кәсіпкер табылып отыр. Ол көкөністер мен гүл өсіруді жоспарлаған. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашуға және азық-түлік қауіпсіздігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Инвестициялық жоба облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың назарына ұсынылды.

Кәсіпкер Аян Тілеухановтың айтуынша, ол бұрынғы жылыжай аумағында топырақты ауыстырып, құнарландырмақ. Содан кейін ол жерде кияр, қызанақ, бұрыш, баылы, сондай-ақ, шырғайгүл, раушан және қызғалдақ гүлдерін өсірмекші. Кәсіпкер жобаны биыл бастап кетуге ниетті.

Балқашта көріз желілерін жөндеуді қолға алу туралы шешім

қабылданған болатын. Өйткені, құбырлардың тозығы жеткен. Сумен және жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту – Балқашта басым бағытқа ие. Себебі, бүгінде қаланың кейбір учаскелерінде коммуналдық желілердің тозуы 80 пайызға дейін жеткен. Қазіргі таңда Балқаш қаласында коммуникацияларды жаңарту жалғасуда. Өңір басшысы сумен жабдықтау жүйесін қайта құрудың екінші және үшінші кезегі қалай жүргізіліп жатқанын тексерді. Жоба магистральдық және

орамдық желілерді қамтиды. Биыл 14 шақырым құбырды ауыстыру жоспарланған. Қаржыландыру мен материалдар бойынша кідірістер жоқ.

Бұл жолы да облыс әкімі жағалауды абаттандырудың қалай жүріп жатқанын арнайы барып тексерді. Бүгінде жағалау аймағы қазақстан тазартылып, инженерлік инфрақұрылымды жүргізу жұмыстары аяқталған. Маусым айында субұрпақ орнатыла бастайды. Байқағанымыздай, бұл жерде бірінші және екінші кезек жұмыстары аяқталған. Жалпы, атқарылған жұмыстар 16 гектар аумақты қамтыған. Жобаны тапсыру мерзімі – 2025 жылға жоспарланған. Жакын арада жағалау аумағында жаңа гүлзарлар, балалар ойын және спорт алаңдары, ыңғайлы тротуарлар және тағы да басқа да нысандар пайда болады.

– Бүгін мен негізгі нысандарды аралап қайтуға тырыстым. Жағалауды тексеру кезінде заңсыз салынған шығанақтарды тазалауды тапсырдым. Бұл жағажай адамдар үшін өте жайлы болуы тиіс. Барлық желілерді қайта құруды жалғастыру қажет. Қаланың айналасында жақсы су желісін салу міндеті тұр. Судың қысымын арттырамыз және апаттылықты азайтамыз. Қазір құбырларын ауыстыруды жеке бақылауыма алдым. Абаттандыруға назар аудардым, біраз жобалар жүзеге асырылып жатыр. Қалада жасыл желек көп болуы үшін ағаштарды өздігінен суаруды – тамшылатып суаруды орнату керек. Өз аумақтарын таза әрі ұқыпты ұстайтын азаматтарға ерекше алғыс айтып келеді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ФОРУМ

Көл тағдыры – ел тағдыры

Балқаш көлінің экологиялық ахуалына табиғат жанаһырлары назар аударып бастады. Шағын шаһарда өткен «Балқаш-2024: сын-қатерлер мен шешімдер» атты халықаралық су-климаттық форумында Көкше көлдің қазіргі жағдайы талқыланып, су айдынын сақтап қалудың жолдары қарастырылды. Екі күнге созылған алқалы жиында жиналғандар көлге қатысты жобалармен танысып, ұсыныстарын тыңдады. Траншекаралық су ресурстарын сақтау бойынша өткен шаһара «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС демеушілік жасап, қос министрліктің: Су және ирригация, Экология және табиғи ресурстар, сондай-ақ, Ауыл шаруашылығы министрлігі мұрындық болды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қатысып, Балқаш көлінің экожүйесін қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

– Балқаш көлін сақтау және жағалау бойынша қолғандыру Президент Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген стратегиялық міндеттер болып табылады. Балқаш – бұл өңірдің бірегей табиғи нысаны ғана емес, сонымен қатар, туристік әлеуеті жоғары аумақ. Біз туристік инфрақұрылымды дамыта отырып, көлдің экожүйесін барынша сақтау үшін тепе-теңдікті

Балқашқа келіп құятын су мен экожүйені бұзуға болмайды. Бізде су ресурстарын реттеу мен қорғауға қатысты жүзден астам нормативтік-құқықтық құжаттар бар. Мен оларды жүйелеп, жалпыға қол жетімді бірінғай сайт құруды ұсынамын, – деді Қазақстанның су серіктестігі төрағасының орынбасары Анар Тілеулесова.

Сондай-ақ, Балқаш су қорғау аймағының жобасына тоқталды. Онда су қорының жерлері ерекше жағдайларда: су жинау құрылыстары, рекреация үшін ғана берілуі мүмкін екендігі тілге тиек етті.

– «Қазақмыс» корпорациясы, ең алдымен, барлық тау-кен металлургиялық және өнеркәсіптік



ұстауға тырысамыз. Біз сондай-ақ, көлдің тозуына жол бермеуге және оның жағдайын жақсартуға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізіп жатырмыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысының мәлімдеуінше, қоршаған ортаны жақсартуға «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы да өз жемісін беруде. Облыс бойынша екі айда 112 мың адам жұмылдырылып, 367 рұқсат етілмеген полигон жойылған. 127 мыңға жуық ағаш егілген. Оның ішінде, балқаштықтар белсенділік танытып, бірқатар жұмыстар жүзеге асырылған. Қоршаған ортаға жанаһыр азаматтар «Таза су айдындары» акциясына қатыса отырып, көлдің жағасын қоқыс пен лайдан тазартқан.

– Бүгінгі таңда Балқаш көлінің жағдайы жақсы, ал, оны сақтау – біздің міндетіміз. Ол үшін

кәсіпорындарға өңірлік және республикалық проблемаларды шешуде жұмыла кірісу қажет екенін еске салып, үлгі болғысы келеді. Осылайша, азаматтық қозғалыстың дамуына ықпал етпекші. Бұл – біздің басты мақсатымыз және біз барлық айтылған іс-шараларды мемлекеттік биліктің барлық деңгейінде жүзеге асыру үшін адами және физикалық ресурстарымызды жұмсайтын боламыз, – деді «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС сыртқы стейкхолдерлермен жұмыс департаментінің директоры Тельман Шуруев.

Форум аясында жергілікті суретшілер мен колөнершілердің «Климат, Су және Қоғамдастық сабақтастығы» атты көрмесі ұйымдастырылды.

БАЛҚАШ
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒЫМ

Қобыз сарыны әлдилеген жиын

Қарағанды облысында саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Спасск мемориалдық кешенінде митинг-реквием өтті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатысушылар естелік белгілерге гүл шоқтарын қойып, тоталитаризм жылдарында жазықсыз зардап шеккендерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Митингке дипломатиялық миссиялар мен мемлекеттік органдардың, этномәдени бірлестіктердің өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Мұрағат деректері бойынша, Спасск зиратында 50-ге тарта ұлттан 5000-нан астам адам жерленген. Аталған мемориал кешені кешегі күні тағдыр тауқыметін

тартып, қазақ жеріне қоныстанған түрлі ұлт пен ұлыс үшін тәу етер киелі орынға айналды.

– Бүгін қорғасындай ауыр осы бір қасірет күнін ой елегінен өткіземіз. Алмағайып жылдарда зобалаң заманның құрбаны болған қайран ата-бабаларымызды еске алу үшін жиналдық мұнда. Өткенге – салауат, болашаққа – зор сенім! Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан еліне өркендеу, әрбір тұрғынына зор денсаулық тілейміз. Ынтымақ ыдырамасын! – деді әзірбайжан этномәдени орталығының төрағасы Гюлага Рзаев.



Еске салалық, Спасск мемориалдық кешені тоталитарлық жүйедегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын жерлеу орнында құрылды.

1987 жылдан бастап мемориал аумағында әр түрлі мемлекет елшілігі арнаулы ескерткіш белгілер орнатты.

Ұсыныстар жерде қалмайды

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Бұқар жырау ауданына барған сапарын осы өңірдегі елдімекендер мен шаруашылықтарды аралаудан бастады. Оның ең бірінші ат басын тірегені Қушоқы кенті болды. Мұнда биыл су құбыры желілерін қайта жаңарту жұмыстары аяқталуға тиіс болатын. Бұл жөнінде баяндаған Қушоқы кентінің әкімі Халел Рүспеков: «Біздің су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 20 шақырымнан асады. Бүгінге дейін солардың бір бөлігі ауыстырылды. Бұған қоса әрқайсы 1300 текше метрден тұратын 2 резервуар мен 4 жаңа ұңғыма салу жоспарланып отыр биылға. Келесі кезекте орталық көріз жүйелерін салу да белгіленді. Осы жұмыстар тәмамдалған соң, жолдарды жөндеуге кірісеміз», – деді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс басшысы кенттің алдағы қысқы жылыту маусымына дайындығы жайын да сұрады. Соған байланысты қазір Қушоқыда орталық қазандықтың жөндеу жұмыстары басталып, онда тұрған төрт қазандықтың біреуі толығымен ауыстырылып, қалған үшеуі ағымдағы жөндеуден өтеді екен.

Одан әрі Ермағанбет Бөлекпаев Ғабиден Мұстафин кентіндегі Бұқар жырау агротехникалық колледжіне барды. Мұнда 100-ден аса студент білім алып, аспаз, дәнекерлеуші, сатушы, автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу, ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі сияқты 5 жұмысшы мамандығына оқитын көрінеді. Бұл оқу орны осы мақсатта шаруа қожалықтары, техникалық қызмет көрсету

орындарымен тығыз әлеуметтік әріптестік қатынасы орнатыпты.

Бұдан соң облыс әкімі көктемгі егіс жұмыстарымен танысып, Қызылжар ауылындағы бірқатар шаруашылықтарды аралады. Жалпы, биыл Бұқар жырау ауданында 160 мың гектар алқап жерге дөңді дақылдар, 10 мың гектарға майлы дақылдар егу мен 400 гектарға көкөніс, 2200 гектарға картоп отырғызу көзделсе, бұл күнде жұмыс қарқынды жүргізіліп, аудан диқандары көктемгі егіс науқанын уақытында аяқтау ниетінде.

Сапар барысында Ермағанбет Қабулаұлы аудандағы түйе өсіретін жалғыз «Абат» шаруа қожалығына да соқты. Осыдан бір жыл бұрын «Агробизнес» несиелеу бағдарламасы арқылы 57 бас түйе түлігін сатып алған бұл қожалық енді нарыққа шұбат пен ет шығаруды жоспарлауда.

Түстен кейін облыс басшысы



Ботақара кентіндегі аудандық Мәдениет үйінде Бұқар жырау ауданының тұрғындарымен кездесіп, олардың өтініш, талап-тілектерін тыңдады. Кездесуге жиналған жергілікті азаматтар өз проблемаларын айтып қана қоймай, ауылдарындағы тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі ұсыныстарымен де бөлісті.

Мәселен, Қушоқы кентінің өзін-өзі басқару қоғамдастығының хатшысы Ольга Аманжолова бұрын жатақхана болған бес қабатты бос ғимаратты қайта құру-

ды ұсынды. Ол өз сөзінде:

– Бұл ғимарат 2018 жылы кент әкімдігінің балансына берілген. Онда 34 бөлме бар. Егер оған күрделі жөндеу жасасаңыздар, пәтер кезегінде тұрғандарға баспана беріп, тұрғын үйге мұқтаждықты жоюға болар еді. Ал, дәл қазір кентте пәтер алу кезегінде 25 адам ғана тұр. Осы жатақхананы қайта құрудың жобалық-сметалық құжаттамасы өткен жылы жасалған. Сондықтан, аталған жобаны қолдауды және қаржыландыруды сұраймыз, – деп өтінді.

Ал, Үштөбе ауылынан келген зейнеткер Галина Вотчельді газдандыру мәселесі толғандырады екен.

– Біздің ауыл Қарағанды қаласының Күнгей шағын ауданына жақын жатыр. Арамыз екі шақырым ғана. Егер біздің ауылға да Күнгеймен қатар газ өткізсе, жақсы болар еді. Өйткені, өмір бойы пешке от жағумен келеміз. Осы жөнінде үш жылдан бері құзыретті органдардың бәрине хат жазудамыз. Ендеше, бізді қолдайсыздар деп ойлаймыз, – деген ол



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ауылдастарының атынан бұл істі жеделдетуді сұрады.

Аудан орталығы Ботақараның тұрғындары кентте орталық қазандық пен көріз жүйесін салуды өтініш етті. Сондай-ақ, олар осындағы қоғамдық көлік қозғалысын реттеуді сұрап, жолдарды жөндеу мәселесін де көтерді.

Өз кезегінде тұрғындардың өтініш-ұсыныстарын тыңдап болып, оған қайтарған жауабында Ермағанбет Бөлекпаев:

– Сіздер өте жақсы ұсыныстар айттыңыздар. Шынында да, Қушоқыдағы жатақхананы қайта құру тұрғын үй тапшылығы мәселесін шеше алар еді. Ал, Үштөбені газдандыру – қолдан келетін жұмыс. Ботақарадағы орталық жылу көзі мен көріздің қажеттілігін біз де мойындаймыз. Осы ұсыныстардың барлығы ескеріліп, оларды кезек-кезеңімен жүзеге асыратын боламыз. Жолдар да бақылауға алынды. Ауданда барлығы 29,5 шақырым жол жөндеу жоспарланған, – деп түйіндеді.

Кездесу соңында облыс басшысы тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БРИФИНГ

Қауіпсіздік – басты назарда

Бүгін аймақтағы мектеп жанындағы лагерьлер жұмысын бастады. Осы орайда балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – маңызды. Биыл 160 мың баланың бос уақытын мазмұнды жоспарлап, жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Бұл жайлы облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын мәлім етті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сауықтыру қала сыртындағы 8 лагерь базасында өтпек. Сауықтыру орталықтарына 100 оқушы тегін жолданады.

– Жаз мезгілінде балалардың демалыс уақытын және сауықтыру жағдайын жақсартып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – басты міндетіміз. Ауыл мектептерінде оқитын үздік 838 оқушы «Қазақстан халқына қоры» есебінен Алматыдағы «Тау жанашыр» және Қарағандыдағы «Салют» лагерінде тегін демалады. Сонымен қатар, әлеуметтік осал отбасынан шыққан 742 бала бюджет есебінен сауықтыру лагеріне жолданатын болады.

Балаларды қорғау күнінде ерекше қуанышпен айтамын: жаңа ағаштар – бұл биыл Пришхатинск қаласында алғашқы қосымша «Қаусар» оқушылар сарайы білім беру ұйымының ашылуы. Жаңа сарай заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ғимаратта шығармашылық шеберхана, хореография залы, арт студия, жазу студиясы, веб-дизайн, интеллект студиясы және зерт-

хана, заманауи құрал-жабдықтар бар, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Сондай-ақ, жазда балалар үшін Ақтоғай ауданында алғаш рет бір маусымда 210 баланы қамтитын 6 күндік киіз үй лагері жұмыс істейді. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында алғаш рет колледждерде (Теміртау, Шахтинск қаласы) «Жазғы лагерь» бейіндік алаңдары ашылмақ.

Облыстың барлық мамандандырылған мектептерінде және инновациялық лицейлерде тілдік курстар, конструкция және робототехника бойынша бейіндік лагерьлер жұмысын бастайды.

Жазғы демалысты ұйымдастыруда бала қауіпсіздігіне баса назар аударылмақ. Осы мақсаттағы «Қауіпсіздік» жобасы аясында лагерьлерде жұмыс жасайтын мұғалімдерге алғашқы көмек көрсету тәсілдері көрсетіледі.

– Өткен жылы бастау алған жобадан облыстың 10 мың педагогына сертификат берілген. Жоба адам өмірін сақтап қалу және төтенше жағдайдағы алғашқы көмек

көрсету дағдыларына үйретті. Сонымен қатар, жастар саясаты басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырмасы аясында 200 студентті қамтитын «Студенттік педагогикалық жасактар» жобасын іске асыру да жоспарда бар. Аудан, қалаларда «Қауіпсіз жаз», «Қауіпсіз аттракцион», «Қауіпсіз лагерь» профилактикалық акциялары жаз бойы өтеді, – деді облыстық білім басқармасының башысы Гүлбақыт Жүнісова.

Сонымен қатар, биыл алғаш 1-11 сынып оқушыларына арналған «Сенің шаттыққа толы демалысың» атты нұсқамалар (Гайд-буктар) оқушыларға таратылып, ата-аналар чаттарына жолданды. Гайдбукта ата-аналар үшін пайдалы ақпарат, жыл бойы жұмыс жасайтын лагерьлер тізімі, төтенше жағдайлар орын алған жағдайда хабарласатын шұғыл қызметтердің нөмірі бар.

Маусымда балалар үшін мектеп жанындағы лагерьлер ашылып, «Қауіпсіз жаз» акциясы басталады. Әлеуметтік осал топқа жататын 2605 азаматқа 7 млн. 155 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілмек.

• БАЙҚАУ

Ауылдың алғашқы тележұлдызы

Астанада «Балапан» телеарнасының ұйымдастыруымен «Ibars» зияткерлік бағдарламасының онлайн кастингі өтті. 700-ден астам үміткерлер қатысып, 180 бала арасындағы іріктеуден 5 жастағы бүлдіршін Мойынты мектебінің мектепалды даярлау сыныбының тәрбиеленушісі – Алима Болат биіктен көрінді.

«Ibars» бағдарламасы – балалардың зияткерлік, танымдық, есте сақтау, шығармашылық дағдыларын дамытып, талантты балалардың талабын ұштап, танылуына мүмкіндік береді. Тапсырмалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған.

Жоба топтық форматта өтті. Үш қатысушыдан құрылған 20 топ өзара сайысқа түсті. Қарағанды облысының балапандары, оның ішінде, Алима Болат ойындарға белсенді қатысып, алғырлық танытқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. Жоба «Балаларды талабын ұштап, танылуына мүмкіндік береді» мақсатындағы «Балапан» телеарнасының эфиріне шығады. Балақайлардың жұлдыздары жана берсін!

Халима ҚҰРЫМБАЕВА,
Мойынты мектебінің
мектепалды даярлау
сыныбының тәрбиешісі.
Шет ауданы



• «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Ұлттық құндылыққа негізделген тәрбие

Тәрбие мен оқыту – өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас жүйе. Әлемнің ең басты құндылығы – адам және адамның өмірі сүру үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Ал, адамзаттың алдында тұрған зор міндет – болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру. Қарағандыдағы «Шаңырақ» бөбекжайында бүгінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген 400-ге жуық балдырған тәрбиеленуде.



«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Әрине, қазіргі заманғы тенденцияларды ескере отырып, білім берудің жаңа моделін енгізу бағытында жұмыс істеуіміз керек. Ол «білім беру – оқу» ұстанымынан «білім беру – тұлғаны қалыптастыру мен дамуы» ұстанымына көшуді көздейді.

Ұлттық құндылықтар – тұтас бір жүйе. Оған халықтың тілі, мәдениеті, әдебиеті, өнері, сондай-ақ, халықтың әлеуметтік және мәдени қауымдастық ретінде пайда болуымен бірге туындаған әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, жол-жоралғылар, ұғым түсініктер, дағды, көзқарастар жатады.

«Халықтан асқан ұлы ұстаз жоқ» ұлттық рухани мұралар – ұрпақтың рухани-адамгершілік азығын жетілдіретін негізгі

өзегі болмақ. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан рухани мұраларды жинақтап, зерттеп-зерттелеудің маңызы арта түсеуде. Ұлт тағдыры ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз өз ұрпақтарын ежелден ізгілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа, инабаттылыққа, сауаттылыққа тәрбиелеуді міндеттеген.

Қай халықтың болмасын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігі бар – ол тәрбие. Тәрбие – мәңгілік және адамзаттық. Осы ретте балабақшада облыс көлемінде «Ұлттық құндылықтарымызды дамыту» тақырыбындағы үлкен семинар өтті. Семинар барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеуде балабақшада жасалып жатқан жұмыстар көрсетілді. Сонымен бірге «Ұлт тірегі – ұлттық құндылықтарымыз» көрмесі ұйымдастырылды.

Шәкәрім: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деген болатын.

Жалпыадамзаттық құндылық – рухани құндылық. Бұл – адамдағы ең терең маңызды әрі мәнді бағдар. Адам соған сүйене отырып, шешім қабылдайды, әрекет етеді. Рухани құндылық адамдағы ішкі тұтастықты қамтамасыз етеді, күш-жігері мен өзіне деген сенімін арттырады, сонымен бірге, осы құндылықтың негізінде адамның өзіне, қоршаған ортаға деген қатынасы қалыптасады.

Шырын КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ
«Шаңырақ» бөбекжайының
директоры
Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ирина КИСЕЛЕВА:

Әрбір бала қорғауға лайық

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері туралы заңға қол қойғалы қоғам балалардың жайына жіті назар аудару бастады. Заң осал топтарға қолдау көрсету және зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алуды көздейді. Аймақтағы отбасы институтын нығайтып, бала құқығын қорғайтын арнайы уәкіл Ирина Киселева әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзара әрекет етіп қоймай, кеңес те береді. Әлеуметтік әділеттілік арқылы балаларды қорғауға тырысқан ұмтылысына көпшілік сүйсінеді. Арнайы уәкілмен сұхбат құрып, балалардың жайына үнілдік.



– Ирина ханым, биыл Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясын Қазақстан қабылдағанына 30 жыл. Ресми деректер, соңғы үш онжылдықта Қазақстан бес жасқа дейінгі балалар арасындағы өлім-жітімді бес есе, ал, жана туған нәрестелер арасындағы өлім-жітімді үш жарым есе төмендетуге қол жеткізгенін айтуға. Бірақ, елде балаға жасалатын зорлық азаяр емес. Балалар өлімін төмендету – кешенді жұмысты талап ететін секілді...

– Жалпы, балалар өлімін төмендетуде елеулі табыстарға қол жеткізу – Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесі мен өмір сүру жағдайын жақсарту жөніндегі көпжылдық күш-жігердің нәтижесі екенін ерекше атап өткен жөн. Бірақ, сізге қосыламын. Рас, балалар қылмысы мен қауіпсіздігі – кешенді тәсілді қажет ететін өзекті мәселе.

– Баланы қауіп-қатерден қалай қорғауға болады?

– Республикада балаларды зорлық-зомбылықтан қорғап, суицидтің алдын алу, құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар іске асырылуда. Оның бастамасы ретінде қазақ халқының ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделген «Бірыңғай тәрбие бағдарламасы» жұмыс істеуде. Буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша әдістемелік шаралар әзірленді. Зорлық-зомбылыққа, қорқытуға немесе кибербуллингке ұшыраған немесе куә болған кемелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету жөніндегі нұсқаулықтар таратылып, қатыгездік пен зорлық-зомбылық мәселелері бойынша заңнама күшейтілді. Осының бәрі баланы қорғаудың алдын алуға бағытталған жұмыстар.

– Елімізде ұлттық мониторинг – Балалардың әл-ауқат индексі енгізілді. Кішкентай қарағандылықтардың әл-ауқат деңгейі қандай? Балалар өлім-жітімінің алдын алуға жүзеге асқан ең негізгі жұмыстарды атап өтсеңіз?

– Бізге 2023 жылдың индексі қорытындысы ұсынылмады. Балалар өлімінің алдын алу – денсаулық сақтау басқармасының мәселесі. Соңғы мәліметтерге сәйкес, Қарағандыдағы балалардың әл-ауқатының деңгейі денсаулық, білім, өмір сүру жағдайлары мен әлеуметтік қорғауды қоса алғанда, әртүрлі көрсеткіштер бойынша өзгеруде. Қазіргі таңда, балалар мәселесі, әсіресе, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру саласында тұрақты. Бірақ, әлі де болса жақсартуды талап ететін салалар бар. Мысалы, Қарағандыда балалар өлімінің көрсеткіштерін төмендету үшін перинаталдық көмекті дамытып, жаңа туған нәрестелермен және аналармен жұмыс істейтін медициналық персоналдың біліктілігін арттыру керек. Сондай-ақ, жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелердегі патологияны ерте анықтауға емдеу бағдарламалары енгізілсе деген өтініштер бар...

– Биыл Ұлттық комиссия әйелдер мен балалар құқықтарына қатысты мәселелерді шешуге ынталы. Мәселе Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бақылауына алынғаны белгілі. Алдағы уақытта балалар құқығын қорғауға қандай жаңа жобалар жүзеге асады?

– Биыл бұл бағыттағы жұмыстар күшейеді. Осы орайда балалар мен жасөспірімдерді қолдау орталықтарын құру және дамытуда бірқатар жобалар жүзеге асады. Балалар мен жасөспірімдер қажет-

ті көмек пен кеңес алатын бірнеше жаңа қолдау орталықтары ашылады. Бұл орталықтарда психологиялық және құқықтық қолдау көрсетуге дайын заманауи ресурстар және кәсіби мамандар болады. Қиын өмірлік жағдайда отбасыларды қолдау, су астында қалған өңірлер тұрғындарының жағдайы ескеріледі.

Жастар ресурстық орталығы жанынан балалар үйлері мен ПДО түлектерін әлеуметтік бейімдеу қызметі ашылған. Бөлім жетім балаларға және 14 пен 35 жас аралығындағы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға консультациялық заңгерлік және психологиялық көмек көрсетеді.

– Облыстағы балалар мәселесіне тоқталсаңыз. Аймақтың ең кішкентай тұрғындарын бүгінде не алаңдатады? Жалпы, асыраушысынан айырылған немесе ата-анасы тастап кеткен балалардың жағдайы қалай реттелуде?

– Облыста 1 960 жетім бала және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала бар. Оның 1 171-і қорғаншылық пен қамқоршылықта, 257-і патронаттық тәрбиеде, 25-і отбасылық балалар үйлерінде және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда – 507 бала (білім беру жүйесінде – 396, денсаулық сақтау – 17, әлеуметтік қамсыздандыру – 97) тәрбиеленуде.

Облыста бүгінде 4 отбасын қолдау орталығы бар. SOS ауылы, «Шапағат» балалар үйі, балалар үйінің түлектерін қолдайтын «Жастар үйі» орталығы, 16 жасқа 23 жасқа дейінгі 96 түлек тұратын Жасөспірімдер үйі жұмыс істейді.

2011 жылы біздің облыс республикада алғашқылардың бірі болып «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспарды» бекітті. Осы кезеңде 2 261 пәтер бөлінді. Осы жылы 87 пәтер болу жоспарда.

Қазіргі уақытта мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу үшін есепте 6 135 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұр. Бұл – үкімет деңгейінде шешімін күтіп тұрған үлкен мәселе. Біз мәселені шешу үшін ұсыныстар жолдаймыз. Мәселе облыс әкімінің де тұрақты бақылауында.

– Әлемнің көптеген елдері балалардың әл-ауқатын бағалап, арнайы әдістемелер әзірлейді. Қалай ойлайсыз, біздің елде балалар үшін қандай жобаларды қолға алған тиімді?

– Біздің елде балалардың әл-ауқатын жақсартып, оларды қорғау үшін қызықты жобалар қажет. Олардың бірнешеуін Балалар құқығын қорғау Комитеті де әзірледі. Мәселен, «Отбасын қолдау және әлеуметтік көмек» жобасы – отбасылық құндылықтарды нығайтады. Инклюзивті білім беру және ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдайтын жоба ерекше қажеттіліктері бар балалардың білімі мен дамуына тең қолайлылықты қамтамасыз етеді. Мектептердегі балалар Парламенттерінің рөлін күшейту де балалардың таланттары мен қабілеттерін дамыту үшін қосымша білім беру бағдарламалары мен үйірмелерін енгізуге мүмкіндік береді. Дарынды балалар мен жасөспірімдерге, мектеп пәндері бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына сыйлықтар мен гранттар төлеуді жалғастыру да балаларға бағытталған ерекше бастаманың бірі.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Аяулым СОВЕТ



• ФОРУМ

Тарих тағылымы таразыланған күн

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне сондай-ақ, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты халықаралық форум өтті. Бұл – қазақ жеріндегі этностарды біртұтас етуді көздейтін Қазақстан халқы Ассамблеясының бірегей жобасы. Достық үйіне шетелдерден және республиканың түпкір-түпкірінен келген тарихшы ғалымдар, халықаралық сарапшылар, қоғам қайраткерлері, жазықсыз жапа шеккен арыстардың ұрпақтары бас қосты. Олар ұлт азаттығы жолында құрбан болған боздақтардың, соның ішінде, Сәкен Сейфуллиннің қайраткерлік ғұмырына, шығармашылығына қатысты баяндамалар жасады. XXI ғасыр, жаһандану дәуірінде ұлт болып ұйысуға қажетті құндылықтар төңірегінде әрлі әңгіме өрбітті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екі күнге созылған халықаралық форумның мақсаты мен міндеті айқын: ұлтты азаттыққа бастаған тұлғалардың тарихтағы рөлін айшықтау, сол арқылы бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту, қазақстандықтардың патриоттық рухын көтеру. Ашылу салтанатында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, қоғамда белең алып бара жатқан қатерлі құбылысқа тоқталды.

– Ұлттық тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық бірлікті нығайту және тарихи жадыны жаңғырту мақсатында ұйымдастырылған «XX ғ. 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін тарихы: жаңа мұрағат материалдары және зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға, кешегі Алаш арыстарының алтын бесігі Арқа жеріне кош келдіміз! Бүгінгі басқосудың қазыналы Қарағандыда өтуінің бірнеше себептері бар. Мәселен, Қарағанды облысы – Алаш көсемдерінің кіндік қаны тамып, рухы асқақтаған қастерлі мекен. Екіншіден, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі зобалан жылдарда саяси лагерьге айналған бұл өңір – қазақ шеккен қасіреттің куәгері. Алаш арыстарының қаны мен олардың ұрпақтарының көз жасы сіңген топырақта аманаттың ауыр жүгі бар. Қазір біздің қоғамда, әсіресе, ғылыми ортада Алаш көсемдері мен кеңестік жүйе қайраткерлерінің бір-біріне қарсы кою үрдісі белең алып бара жатқаны жасырын емес. Тірілісінде «тар жол, тайпақ кешуден» өткен Сәкен тағдыры екінші мәрте рухани қудалауға тап болып отырғанын тура бүгін ашық айтуға тиіспіз. Осы мәселеге қатысты Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткір пікір білдіріп: «Ел ішіне ірікті салатын мұндай дау-дамайдың қажеті жоқ. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінің көзқарасына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті. Түптеп келгенде, мұның бәрі – біздің тарихымыз», – деді. Құрылтай отырысында Президент көтерген бұл мәселеге қатысты жақында Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі мырза да депутаттық сауал жолдап, қоғамдық ойға қозғау салды. Мен бүгінгі алқалы жиында ақтандық жылдар ақиқатына тік қарап, тарихи тұлғалар туралы табырланып бара жатқан кереғар пікірлерді «бітістіретін» уақыт жеткенін айтқым келеді.

Сәкен Сейфуллин есімін ардақтап, еңбегін бағалау, рухын дәріптеу мәселесі бойынша қайраткердің туған жері Қарағанды облысы көштен қалып отырған жоқ. Облыстық қазақ драма театры, облыс орталығындағы негізгі көше Сәкен есімімен аталады. Облыс аумағында бірнеше білім ордалары мен елді мекендерге оның есімі берілген, – деді Нұрлан Бикенов.

Конференцияға Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Лұғман Буларов та қатысты. Ол «ортақ тарихымыз бірлігімізді нығайтады» деген келеді пікір айтты. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің

Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті төрағасының орынбасары Айбек Жақсыбаев та сөз алып, маңызы зор жиыннан оң нәтиже күтетінін жеткізді.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор, Алаш арыстарының ғұмырын зерттеп жүрген Нұрлан Дулатбеков саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысы нәтижелі болғанын атап өтті.

– Комиссия жұмысының нәтижесінде көптеген монографиялық еңбектер жазылды. Мұрағаттарда шаң басып, сарғайған құжаттар жарыққа шығып, ғылыми айналымға енді, – деді Нұрлан Дулатбеков.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелдиев те маңызды деректерді қамтыған баяндамасын жасады.

– Арқаның топырағын айрықша құрметтеймін. Себебі, ұлттық азаттықтың туы осы жерде көтерілген. Қарқаралыдағы орыс, қазақ училищесінің директоры Ахмет Байтұрсынұлы желбіреткен. Өздеріңізге белгілі, кейінгі 4 жылда саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесі өтті. Осы Жарлығы үшін Президентке ерекше алғысымды білдіремін! Сол комиссияның құрамында мен де болдым. Нәтижесінде мұрағаттағы құжаттардың 80-ге жуық томы жинақталды. 311 мың адам ақталды. Бұл – ұлт үшін өте маңызды жұмыс болды деп айта аламын. Және мұндайды Өзбекстаннан да, Қырғызстаннан да көрген жоқпын. Германия, Украина, Польша атқарып тастаған. «Кенес үкіметінің репрессиясы адуынды болғаны соншалық, қазақ халқының екі буыны



жапа шекті. Соның салдарынан ұлт саяси басқарусыз қалды» депті Андрей Скалпер есімді халықаралық сарапшы. Бұл – шындық. Қудалаудың кесірінен халқымыз Мәскеуге жалтақтағыш, жетекшіліге айналған. Репрессияның нәтижесінде халқы өзінің көзқарасынан, ұстанымынан айрылып қалған. Кеңес үкіметі өз қоғамына «Марксизмді» енгізді. «Марксизм» – қазақ қоғамына мүлде жат қоғамнан келген. Кеңес үкіметі осылайша үлкен, аса қатерлі экспериментке барды деп айтуға болады. Ахмет Байтұрсынұнов «Для нас социализм – чужая идея, чужая гость» деді. Бұны Мағжан Жұмабаев та айтқан. Социализм деген – кәдімгі таптық күрес. Ал, Алаш арыстары бізге ұлттық тұтастық керек деп шырылдаған. Ұлт болудың алғышарты –



тұтастық. Бүгінгі Қазақстан ұлт ретінде сақталып, әріқарай өркендегісі келсе, тұтастыққа баса мән беруі тиіс, – деді Мәмбет Қойгелдиев.

Сәкентанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әбсеметов «Сәкен Сейфуллин – Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы» атты баяндама жасады. «Сәкен бабамызға қатысты біршама мұрағатты ақтарып отырып, көп мөлшерде құжат жинадық. Сол құжаттарға қарап отырып, Сәкен Сейфуллин білікті реформатор болғанына көзіміз әбден жетті. Сәкен Сейфуллин жоғары лауазымды қызметке тағайындалған бетте іргесіне Алаштың дарынды, білікті азаматтарын жинады. Ағарту саласына ұлт ұстазы атанған, бұрынғы Алаш көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы, заң саласына кәсіби зангер Ахмет Бірімжановты (Алаш орданың Әділет министрі болған), Алаштың біртұар перзенті Әлімхан Ермековті алды, денсаулық сақтау саласына атақты Мәжит Чомболовты тағайындады. Мемлекет жоспарын Смағұл Сәдуақасовқа тапсырды. Сот саласына Нығмет Нұрмақовты тағайындады. Алаш орда кезінде Батыс аймақты басқарған Есенғали Қасаболов қаржыға ие болды. Сәкен Сейфуллин сын сағатта ұлтының асыл перзенттерін маңайына тоқайластыра білді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы Сәкен Сейфуллинге «Аққа да, қызылға да ортақ байға да, кедейге де

бөлмейтін қазақтың біртұар ақыны» деп баға берген еді», – деді ол өз баяндамасында. Сонымен қатар, баяндамашы Сәкен Сейфуллин Кеңес үкіметінің саяси элиталарын түгелдей шахматтан ұтқан кәсіби, дарынды шахматшы екенін де атап өтті.

Бұл конференцияның бірінші бөлігі ғана еді. Екінші панелдік пікірталас алаңында 8 баяндамашы болды. Қатарда Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Бүркітбай Аяған бар. Ол «Сталиндік қуғын-сүргіннің идеологиялық негіздері мен ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады.

– 70 жыл миллиондаған халықты соқпалған Кеңес үкіметін аты-жөні бүркемеленген саяси элиталар басқарды. Владимир Лениннің, Иосиф Сталиннің, Лев Троцкийдің, Филипп Голощекиннің шын аты-жөні басқа еді. Міне, бұл жүйеде шын есімін жасырғандар қасіретке әкеп соқпалған небір әрекеттерге барды. Сонымен қатар, мына бір мәселеге ерекше тоқталған жөн. 1917 жылы жаңа биліктің басына келгендер ешқандай да ақылман, кеменгер емес. Олар Кеңестік жүйенің қаңқасын Карл Маркстен ала салған. Яғни, олар іргетасы түгелі жүйенің қабырғасын да қаламаған. Одақ тізгінін алған сәтте, тіпті, экономикалық бағыт-бағдарлары да болмаған, – деді Бүркітбай Аяған.

Бірінші күннің соңында қатысушылар Сәкен театрына барып, ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбайдың «Қара орамал» поэмасы желісімен сахналанған қойылымды тамашалады. Сонымен қатар, театр алдындағы Сәкен Сейфуллин ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Форумның екінші күнінде қатысушылар Долинка кетіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Қар-Лаг» музейіне ат басын бұрды. Қасіретті жылдарға, боздақтардың өксігі мен көз жасына куә болған тас қабырғалардың сүр өңін өз көзімен көрді ғалымдар қауымы.

Форумның екінші күнінде дөңгелек үстел басында 10 тарихшы-ғалым баяндама жасады. Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары қауымдастығының төрағасы, саясаттану ғылымдарының докторы Наталья Калашникова «Память во имя будущего» тақырыбында, Геноцид және Литва тұрғындарының қарсылығын зерттеу орталығының директоры Арунас Бубнис «Новые факты Кенгирского востания» тақырыбында, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің жаңаша тарих кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Әлішер Сабиров «Место и значение устной истории в исторической памяти народов Казахстана и Узбекистана» тақырыбында, профессор, тарих ғылымдарының докторы, Гамбург университеті жанындағы Солтүстік-Шығыс Еуропа немістері мәдениеті және тарихы институты директорының орынбасары Виктор Дёниннхаус «Политбюро ЦК ВКП и депортация этнических меньшинств в Казахстане в 1930-е годы» тақырыбында баяндама жасады.

Қорытынды шарада қатысушылар екі күнге созылған форумнан мол тәжірибе мен бағыт-бағдар алғандарын жеткізді.

Екі күнге созылған Халықаралық форумның нүктесі Әлімхан Ермековтің басына барып зиярат ету болды. Бүгінгі егемен Қазақстанның өткенін зерттеп жүрген тарихшы ғалымдар әруақты ердің рухына Құран бағыштады.

Суреттер халық Ассамблеясының баспасөз қызметінен

Мемлекеттік тіл тұғырдан түспейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыстық басқармалар мен қалалық бөлімдердің жиындары қазақша сәлемдесумен басталып, ресми тілмен аяқталғанын көріп жүрміз. Әсіресе, есеп беру алаңына айналған өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында өтетін брифингтердің көбі ресми тілде өтеді. Бұл, әлбетте, қазақ тілінде жазатын журналистердің шамына тиелі. Мәселе – тілді түсінбегенде емес, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді елемейтіндігі. «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков осыған қатысты пікірін білдірді.

– Өте орынды мәселе көтеріліп отыр деп есептеймін. Тәуелсіздік алғанмызға 30 жылдан асып барады. Жеткен жетістігіміз де, кемшілігіміз де баршылық. Кемшілігіміз – мемлекеттік тілді өз дәрежесіне, өзінің тиісті төріне көтере алмай жүргеніміз. Мемлекеттік тіл ел Президентінің назарынан ешқашан тыс қалған емес. Қазақ тілінің ауқымы одан әрі кеңейту үшін Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында нақты тапсырмалар берді. Жөнімен, ретімен берілген тапсырмалар деп есептеймін. Бұл тапсырмаларды қалай іске асырамыз деген заңды сауал туындайды. Оның шешімі бар. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік тілде сөйлеуі шарт. Оны мекеме басшылары тікелей қадағалап, талап қоюы тиіс. Себебі, халық ханның жарлығына құлақ түріп отырады. Ал, облыс басшылығы – Президент тапсырмасын тікелей орындаушылар. Сол себепті де, мемлекеттік қызметшілер қазақ тілінің мәртебесіне айрықша мән бергені абзал. Жергілікті билік өкілдері осыған баса мән бергенде ғана халықтың құрметіне бөленеді. Кейде Тонхуюктің VII ғасырда айтқан мына бір сөзін еске аламын: «Қағаны – бағыр, ақылғой – кеменгер елдің бағы жанады». Бүгінгінің әкімі, басшысы мемлекеттік тілде сөйлеуі тиіс. Мемлекеттік қызметшілер қазақ тілінде мүлде сөйлемейді деуден аулақпыз. Бірақ, ана тілінің мәртебесі үшін барынша талаптанса деген тілегімді жеткіземін, – деді Бекзат Алтынбеков.

Аймағымыздағы мемлекеттік қызметшілерге облыс әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ерлан Құсайынды үлгі етер едік. Бұл – жағыну емес. «Жақсының жақсылығын айт» дейтін ел едік. Қарағандыда қазақтың мүйізі қарағайдай қаламгерлері, зиялы қауымы, қайраткерлері қатысатын жиындар, рухани шаралар жиі ұйымдастырылады. Солардың алдында Ерлан Құсайын әр сөзге әр беріп, өз биігінде сөйлегенін журналистер қауымы талай көрген. Қарағандының жұрты еңсесін тіктеп отырады. Бұл қатарда пікір білдіріп отырған «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков та бар.

Айтқалы отырған ұсынысымызды облыс басшылығы қолдайды деп бек үміттенеміз. Ұсыныс мынау: облыстық басқармалар мен қалалық бөлімдердің басшылары өткізетін кез келген жиында мемлекеттік тілдің тұғырынан түспеуіне журналистер атсалыссын. Қалай? Жиынның басым бөлігі орыс тілінде өтсе, журналистер дабыл қақсын. Шағымды қабылдайтын жауапты маман бекітілсе. Сонымен қатар, басқармаларға, бөлімдерге пәрмен беретін басшылық тарапынан нақты талап қойылса.

Бұл шаралар өзгелерге үлгі болатынына және мемлекеттік тілге келгенде салғырттық танытатын шенеуніктерді тезге салатынына көміл сенеміз.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Озық ойлы оқушылар олжасы

Теміртау қаласындағы «Озат» ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицейінің директоры Шолпан Мұратқызы бастаған ұжым биылғы оқу жылын сәтті әрі табысты аяқтауда деуге болады. Олай дейтініміз, «Озат» білім ордасының бір шәкірті аты мәлім еткендей, шынымен, озат болды.

Оның дәлелі Теміртау қаласының мәдениет сарайында өткен «Жұлдыздар шеруі» кілең мықтыларды қызыл кілемнен өткізді. Олардың арасында Айгерім Қуанқызы бастаған II «А» сыныптың, Виктория Александровна жетекшілік ететін II «В» сынып тұлғалары, Меруерт Мұратқызы жетекші болған II «С» сыныбының оқушылары болды.

Сонымен қатар, «Озат жұлдыздары» қатарында айрықша білімімен республика көлемінде пәндер олимпиадасынан, түрлі өнер сайыстарынан, спорттық жарыстардан жүлделі орындарға ие болып, шашасына шаң жұқтырмаған жүйріктеріміз де аз болмады. Атап айтсақ, Тоқтамұрат Мәмәлі – «Ақберен» республикалық байқауының облыстық кезеңінің жас ақындар айтысында

жүлделі II орын, облыстық пікірталас турнирінде жүлделі II орын, Ж.Ақылбаев атындағы облыстық физика пәні олимпиадасының III орын иегері атанып отыр.

Нұржігіт Төлепов – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен облыстық олимпиада кезеңінде III орын, «Жыр алыбы – Жамбыл» республикалық жас ақындар айтысынан II орын иегері, республикалық «Ақберен» байқауының облыстық кезеңінде «Ақындар айтысы» номинациясында III орынмен марапатталған. Сондай-ақ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің пәндер олимпиадасында III орын иегері ретінде танылды.

Айым Тасболатқызы – облыстық Бүркіт Ысқақов оқуларында бас жүлде иегері, об-



лыстық «Театр – ғажайып әлемі» байқауында III орын, «Менің Отаным – Қазақстан» атты эстетикалық сауаттылық байқауы аясында арнайы марапат алған. Биология пәнінен «Зерде» республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде II орын, Ясауитану республикалық байқауының облыстық кезеңінде III орын, «Өнерлі жас – өмір мақтанышы» жас таланттар байқауында II орын иегері атанды.

Алдияр Төлеубеков – облыстық мектеп лигасы аясында волейболдан III орын, баскетболдан II орын иегері, 2024 жылдың үздік ойыншысы. «Озат» мектеп-лицейінің волейбол, баскетбол командаларының капитаны, алға сүйреуші, көшбасшысы ретінде мектебіміздің мақтанышына айналып отыр.

Еркенұр Әбілқадыр – әдеби-сазды кештер мен қалалық жыр мұшайраларының белсенді қатысушысы, білім мен өнерді қатар

ала білген, спортта да, шығармашылықта да өзін көрсете білген дара оқушы. Облыстық ұлттық мектеп лигасы аясында «Бес асық» ойынында III орын, облыстық шахмат турнирінде III орын, «Аққу арман» драмасында басты рөлді шебер сомдап шыққан, өз жанынан өлең шығаратын тұма талантымен көркемөз оқушы, сөз шебері ретінде көпке таным.

Міне, «Озаттан» жарқыраған ғылым мен білімнің «Жұлдыздар шеруі» осылай санай берсек біршама. «Жақсы ұстаздан шәкірт озады» деген аталы сөз бар. Бұл жетістіктердің барлығы қажырлы еңбектің майталмандары – ұстаздар қауымының еңбегінің жемісі деп ауыз толтырып айтуға болады.

Ерболат БАЗАР,
«Озат» ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицейінің педагог-модератор санатындағы денешынықтыру пәнінің мұғалімі

Сурет автордан

Ауылға барған «ақылды» жоба

Агросаланың тынысы ашылып келеді. Бұл дегеніміз, ауылға бет-бұрыс бар деген сөз. Өңірімізде қомақты қаржы құйылып жатқан ірі кешендер көп. Әсіресе, қойнауына құт дарыған Нұра ауданында. Мәселен, Көбетей ауылынан салынып жатқан «ақылды» сүт фермасының құрылысын ерекше атап айту ләзім. Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысындағы ірі сүт фермаларын басқа өңірлерге үлгі еткен еді. «Осы ретте 100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жемшөп қоры да жеткілікті. Оған қоса байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек», деген еді Президент.



Сонымен, бой көтеріп жатқан «ақылды» сүт фермасының қаржысы да қомақты. Жоба құны 4.8 млрд. теңгені құрайды. Оның 2 млрд. 70 млн. теңгесі кешеннің құрылыс жұмыстарына жұмсалып отыр. 1 млрд. 292 млн. қаражаты ферманың заманауи жабдығына бағытталса, 1 млрд. 463 млн. теңгесіне асыл тұқымды сиыр алынады. Үкімет ферманың толық жабдығы мен малдарын субсидиялайтын болады. Ферма жана агроөнеркәсіптік кешендерге жеңілдікпен несие берудің мемлекеттік бағдарламасы бойынша салынып жатыр.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ақылды» ферманың алғашқы қадамы

Мұны неге бірден айтып отырмыз. Президенттің бұл пәрменінен соң Нұра ауданының ауыл шаруашылық саласына жетекшілік ететін мамандар бірден солтүстік өңірге жолға шығады да, ондағы ірі сүт фермаларын аралайды. Күніне тонналар сүт өндіріп жатқан агроөнеркәсіптің барлық мүмкіндігін көзбен көріп, қағазға түртіп алады. Мұндай ірі фермаларды мемлекет есебінен қаржыландыру жолдарын, ферманың толығымен автоматтандырылған цифрлық базасын алдыру мүмкіндіктерін, асыл тұқымды сүтті сиырларды шетелден тасымалдау тетіктерін әбден меңгерді.

Аудандағы ауыл шаруашылығы саласының өкілдері елге бірден келе сала, ірі деген шаруа қожалықтарының басын қосып, әлгі әлеуетті жобаның нұсқасын ұсыныс етіп тастайды.

Сөйтіп, бұған дейін тек дәнді дақыл өсірумен айналысып, ырысын еселеп келген «Черниговское и К» ЖШС және «Рамадан МФ» ЖШС серіктестігі тауарлы ірі сүт фермасын салып, табысын, тіпті, ұлғайтуға ұмтылады.

– Сүт-тауар фермасын салу арқылы біз өнім алуды әртарапандырайық деп шештік. Біз – өсімдік өсірушілерміз. Жасыратыны жоқ, жыл сайын моно дән егумен айналысу қиындап барады. Сондықтан, «Рамадан МФ» ЖШС-мен бірігіп, Қарағанды облысы мен Астана шаһарының сүт өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ететін заманауи тауарлы-сүт фермасын салу туралы шешім қабылдадық, – дейді «Черниговское и К» ЖШС директоры Айдос Қанапін.

Ауылды «асырайды»


Мердігер өзіне жүктелген жұмысты абыроймен атқарып шығып, жаңа кәсіпорын іске қосылса, 60-тан аса жұмыс орны ашылады. Демек, ауылдағы ағайынға «екі қолға – бір күрек» табылады. Салынып жатқан кешеннің басшылары барынша ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға тырысамыз деп отыр. Және де бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеуге ниетті. Бұл дегеніңіз, дипломы бар көп жас ауылға қайта оралады.

– Бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеуге біз 60 жаңа жұмыс орнын құрамыз. Егер, реті келіп жатса, одан да көп жұмыс орны ашылады. Бірінші кезекте ауыл тұрғындарын жұмысқа аламыз. Қазір

олардың көпшілігі амалдың жоқтығынан елордада жүр. Кейбірі күнделікті қатынап істейді. Енді, біздің ферма ашылғаннан кейін жастар қаладан жұмыс іздемейді. Туған ауылында тұрып, заманауи сүт фермасында жұмыс істеп, елдің өсіп-өркендеуіне үлес қосатын болады. Әр ауылда осы секілді кәсіпорын, агрофермалар болса, ол ауыл дамиды. Ел көшпейді. Сырттан жұмыс іздемейді. Тағы да қайталап айтайық, ауыл жұртының жақсы табыс табуына

Көп шаруаға күзде кіріседі

Сонымен, бой көтеріп жатқан «ақылды» сүт фермасының қаржысы да қомақты. Жоба құны 4.8 млрд. теңгені құрайды. Оның 2 млрд. 70 млн. теңгесі кешеннің құрылыс жұмыстарына жұмсалып отыр. 1 млрд. 292 млн. қаражаты ферманың заманауи жабдығына бағытталса, 1 млрд. 463 млн. теңгесіне асыл тұқымды сиыр алынады. Үкімет ферманың толық жабдығы мен малдарын субсидиялайтын



Ферманың ең басты артықшылығы – цифрлық технологиясында. Тек, сауынды автоматтандырып қана қоймай, табындағы әр сиырға қатысты көрсеткіштерді бақылайды. «Ақылды» арнайы қондырғысы арқылы мәлімет орталық басқару пультіне түсіп отырады. Бұл жерде зоотехникке де өте тиімді болмақ. Компьютермен қай сиырдың сүтті екені, қайсысының сүті азая бастағаны, қай сиырдың дұрыс жем жемей жүргені туралы мәліметтерді онлайн режимде алып, қажетті шаруасын алдын ала бағамдайды.

мүмкіндік жасамақ ойымыз бар, – дейді директор Айдос Қанапін.

Ферманың орналасқан жері де көп шаруаға ыңғайлы. Нұра ауданының орталығынан 25 шақырым, Астана қаласынан 70 шақырым жерде салынып жатыр. Дәп күрежолдың бойында. Сүт фермасының басшылары сүт өнімін әуелі Қарағанды облысына өткізіп, артылғанын Астанаға саудаламақшы.

болады. Ферма жаңа агроөнеркәсіптік кешендерге жеңілдікпен несие берудің мемлекеттік бағдарламасы бойынша салынып жатыр.

Құрылысы былтыр тамыз айында басталған фермада екі мердігер «Asia Modern Group» ЖШС мен «ДСК-Строй» ЖШС бірлесіп, жұмыс істеп жатыр. Құрылыс жұмыстарына ауылдың тұрғындары да тартылған. Екі мердігер ұйым 45 адамға жұмыс беріп отыр. «Черниговский и К» ЖШС-ның басқарушы менеджері Арман Нұржанов бүгінгі күні жоспарланған құрылыс жұмысының 40 пайызға жуығы жобаланды дейді. Қажетті құрылыс материалдары толық жеткілікті екенін және жеткізді. «Жұмысты қыркүйек айына дейін аяқтап қалуымыз мүмкін», дейді мердігерлер.

Агроқешен

әртарапандырылады

Бұл арада бес фермадан тұратын кешен, сондай-ақ, жемшөп өндіруге арналған сүрлем алаңы болады. Тауарлы-сүт фермасында арнайы астық тазартқыш қоймасы қатар орналасады. Бұл жерге тамшылатып суару жүйесі орнатылады.

Тауарлы-сүт фермасы қажетті азықпен өзін-өзі қамтамасыз етеді. Ол үшін су тарту құрылысын және су құбыры желілерін салу жобасы әзірленіп, қолға алынған. Жоба сүрлемге және басқа да дәнді дақылдарға араластыратын жасыл жүгері



Президент тапсырмасын орындай отырып...

отырғызу жоспарланған 700 гектар алқапты суаруды көздейді. Жоба «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қолдау тауыпты. Кәсіпкерлер оны жүзеге асыруды күтіп отыр және аустриялық «Вагет» фирмасының алты шағырматқыш машинасын сатып алған. Ендігі қырда көктемгі егіс науқанына қызу кіріскен.

Озық технология тиімділігі

Фермаға жұмыстың барлық циклін автоматтандыруға мүмкіндік беретін заманауи бағдарлама енгізілетін болады. Яғни, сиыр сауатын орын сүттің мөлшері мен сапасын автоматты түрде бақылап отыратын жоғары технологиялық құрылғымен жабдықталады. Сүт фермасының басшылары мұндай толық «ақылды» құрылғыны Германиядан арнайы алдырады. Келісім-шарт жасасып, жарты қаражатын аударып қойыпты да.

Бұл бағдарламаның ең бір игілігі мынада: сауын алаңындағы әр сиырдың күйі, дене қызуы, жүрек қағысы, жемшөбі мен салмағы, күндіз беретін сүттің мөлшері мен құрамы туралы мәліметтер жинақталып отырады. Әр асыл тұқымды сиырдың арнайы «чипы» болады. Сол арқылы күніне, айына қанша сүт бергенін көре алады.

Ферманың ең басты артықшылығы – цифрлық технологиясында. Тек, сауынды автоматтандырып қана қоймай, табындағы әр сиырға қатысты көрсеткіштерді бақылайды. «Ақылды» арнайы қондырғысы арқылы мәлімет орталық басқару пультіне түсіп отырады. Бұл жерде зоотехникке де өте тиімді болмақ. Компьютермен қай сиырдың сүтті екені, қайсысының сүті азая бастағаны, қай сиырдың дұрыс жем жемей жүргені туралы мәліметтерді онлайн режимде алып, қажетті шаруасын алдын ала бағамдайды.

Мұның арқасында өнім көлемін ұлғайтады, тауар сапасын арттырады, әрбір мал басын күйлі ұстайды. Жоғарғы технологияның мүмкіндігі арқылы сүт фермасы алдағы уақытта өнім сапасын арттырып, мал азығын үнемдеп, кәсіпорындағы еңбек шығынын қысқартады.

Гольштейнді

Германиядан әкеледі

Фермадағы мал қорасының төбесі биік. Іштегі ауаны желдетіп, тазартып тұратын арнайы қондырғы да қойылады. Тіпті, малдың жемшөбін беретін ауыл шаруашылығына пайдаланылатын шетелдік шағын техникаларын сатып алады. Демек, мұнда жұмыс атқаратын малшылардың да, сауыншылардың да жұмысы жеңілдейді.

Кәсіпкерлер Германиядан Гольштейн атты асыл тұқымды сиыр әкеледі. Бұл сиырлар – ең сүтті тұқымдардың бірі ретінде белгілі. Биыл құны қымбаттапты. Ол жакта 2-2, 5 мың еуро тұрады. Теңгеге шаққанда, 1 млн. – 1.млн. 200 мың. Ферманың жобалық қуаты – 1100 бас. Күніне 27 тонна литрге дейін сүт алуды жоспарлап отыр. Алғашқы 400 сиырды биыл күзде әкелмекші.

Бұл – «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы қолдаған аудандағы, тіпті, облыстағы ірі тауарлы-сүт фермасын құру бойынша инвестициялық жобалардың бірі. Жаңа ферма агроөнеркәсіптік сектор мен мал шаруашылығын дамытуға серпін беретіні сөзсіз.

«Ақылды» ферма

Абайда да салынады

«Біз мұндай өндірістік жобаларға міндетті түрде қолдау көрсетеміз. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы жеңілдікпен кредит беру өз тиімділігін көрсетті. Яғни, қаржыландыру жағынан мәселе болмауға тиіс. Сүт өндірісін тиісті деңгейде ұйымдастыру керек. Бүкіл ел бойынша өз-өзімізді сүт өнімдерімен қамтамасыз ететін деңгейге жетуіміз керек», – деген еді Мемлекет басшысы Солтүстіктегі сүт фермаларын аралап жүріп.

Міне, мұндай ірі жобалар енді біздің өңірімізде де іске қосылады. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов мұндай екі бірдей сүт фермасы Абай ауданындағы Көксу ауылында да бой көтеріп жатқанын айтты.

Суреттер ферманың жоба құрамынан



Реформа – өміршең өзгерістер

Көмек тағайындау тәртібі өзгереді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл ақпанда өткен ел Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде халықты әлеуметтік қолдаудың құрылымы мен тетіктерін қайта қарауды, әлеуметтік көмектің тиімділігі мен атаулылығын арттыруды тапсырды. Ол: «Реформа жүргізілген кезде әлеуметтік көмектің кімге және қалай берілетінін түгел қайта қарау қажет. Яғни, бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беру керек», – деген болатын. Осы мақсатта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қазақстандықтардың негізгі шығыстарын есепке алу және верификациялау тетігін пысықтауда. Бұл, шын мәнінде, мұқтаж азаматтарды анықтауға және оларға мемлекет тарапынан нысаналы қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстандықтардың жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті сатып алуға, оқу ақысы мен қосымша білім алуға, демалыс пен ойын-сауыққа, сауықтыруға, жиһаз, тұрмыстық техника заттарын сатып алуға, кредиттерді өтеуге және басқа да негізгі деген шығыстарының түрлерін қарастыру жоспарланады. Азаматтардың шығыстары туралы мәліметтер мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, министрліктердің ақпараттық жүйелеріндегі деректерден алынады. Бұл ретте, Өнеркәсіп және құрылыс, Цифрлық даму, Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің, Ұлттық банктің және басқа ақпараттық жүйелердің интеграциясы қаралады.

Атаулы әлеуметтік көмектің негізгі мақсаты – ақшалай төлем түрінде қолдауды жүзеге асыру және отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту арқылы отбасын қиын өмірлік жағдайдан шығару.

Бүгінгі таңда атаулы әлеуметтік көмек табысы тоқсан сайын өңірлік ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-нан аспайтын азаматтарға әлеуметтік көмекті көздейді. Сонымен қатар, табысы аз отбасылардағы 1-6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК (5 538 теңге) мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем тағайындалады. Әрі еңбекке қабілетті әлеуметтік көмек алушылардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мүмкіндіктері де қарастырылған.

Аталған көмекті тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша Мансап орталығында, ауыл округінің әкіміне сондай-ақ, электрондық үкімет порталы арқылы беруге болады. Мамырдың басындағы жағдай бойынша ел көлемінде 64,2 мың отбасындағы 339,7 мың адам атаулы әлеуметтік көмек алатындардың саны – 5 067 адам. Бұл – 1096 отбасы. Оның 430-ы – көпбалалы отбасылар қатарында. Қарағанды облысы бойынша бұл мақсатқа 1 150,2 млн. теңге қарастырылған.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін қайта қарастыру қажеттігін айтқан болатын. Сол уақытта: «Әлеуметтік көмекті кімге беру қажеттігі адамның кірісіне емес, шығысына қарап анықталуға тиіс. Бұл мәселеде бір нақты шешім қабылдау қажет», – деген болатын. Себебі, Президент айтқандай, мемлекеттен көмек алу үшін табысын әдейі азайтып көрсететін адамдар бар. Қолға алынған өзгертулер осы мақсатты көздейді.





• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Сахалинге су құбыры тартылады

Қарағанды облысы аумағында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында абағандыру жұмыстары жалғасуда. Атап айтсақ, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы Сахалин кентінде су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы сәтті жүріп жатыр. Жұмыс аяқталғаннан кейін кентте 1 100-ден астам тұрғын орталық су және кәріз жүйесіне қосылады.



Бұған дейін жергілікті атқару органдары мен бұқаралық ақпарат құралдарына кент тұрғындары орталық су құбыры және кәріз желілерінің жоқтығына қатысты шағымданған болатын.

Сахалин кентінде су құбыры және кәріз желілері құрылысының жобалық құжаттамасын әзірлеу 2022 жылы басталған. Биыл мамыр айының ортасында Сахалинде су және кәріз желілер құрылысы басталды. Жоспар бойынша шамамен 9 шақырым су және 4,5 шақырым кәріз құбырлары төселді. Жобада ұзындығы – 9147 метр жаңа су құбыры және 4 498 метр кәріз желілері көзделген. Ал, қазіргі таңда 1500 метр су және 350 метр кәріз құбыры жүргізілген.

Мердігердің айтуынша, мамыр айы-

да басталған жобада материалдар мен жұмыс күшіне қатысты мәселе жоқ.

Жобаға бюджеттен 400 миллион көлемінде қаржы бөлінді. Бұл туралы арнайы өткен баспасөз турында жауапты мамандар кеңінен айтып берді.

– Сахалин кентінде су құбыры және кәріз желілерін салу жобасы халықты таза ауыз суға қол жеткізуі жөніндегі өңірлік бағдарламаларды орындау шеңберінде іске асырылып жатыр. Жұмыс бүтінде белсенді. Шамамен 1,5 шақырым сумен жабдықтау құбыры және 300 метр кәріз салынды. Жұмыстар бір мезгілде екі бағытта жүргізіліп жатыр. Жобаны биыл аяқтауды жоспарлап отырмыз. Сахалин кентін толығымен сумен қамтамасыз етуге барымызды саламыз. Содан кей-

ін міндетті түрде асфальттауға кірісеміз. Кентте 1100-ден астам тұрғын бар. Сахалин кентінің кейбір тұрғындарында су тапшылығы мәселесі жоқ. Алайда, 40-50 жыл бойы бұл кентте су құбыры мен кәріз желілері болмағанын мойындаймыз. Су құбыры мен кәріз желісі бір жоба болғандықтан бюджеттен 400 миллиондай қаражат бөлініп отыр, – деді қалалық ТКШ және жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Жанболат Токмұрзин.

– Нысаңда 3 экскаватор, 1 фронтальды тиегіш және 12 адам жұмыс істейді. Жұмысты жалғастыру үшін 2250 метр су және 2200 метр кәріз құбыры, сондай-ақ, темірбетонның, бекіту арматурасының пропорционалды көлемі жеткілікті.

Құрылысқа Саран зауытынан алынған жергілікті өндіріштердің құбырлары мен темірбетон сақиналары қолданылып жатқанын атап өткен жөн.

– Бізде бәрі жеткілікті. Жұмыскерлер өз жұмыстарын тиісінше атқару үстінде. Жабдықтардың сапасы стандартқа сәйкес келеді. Саран қаласындағы «QazTehna» зауытының техникасын қолданудамыз. Бұл аумақтағы топырақ құнарсыз. Соның салдары бізге жұмысты жедел аяқтауға келергі келтіріп отыр, – дейді мердегер «Агроремпротстрой ЖСС» басшысының орынбасары Асқар Ауқешов.

Жауапты мамандар құбыр жөндеу жұмыстарын кеш бастау себебін қыс аяғының созылып кетуімен байланыстырады.

– Жаңа желілерге төрт көшенің тұрғындары қосыла алады. Атап айтсақ, Тельман, Коммунистік, Линейная және Литвин көшелері. Бұл – 400 үй. Құрылыс келешекте ескере отырып жүргізіліп жатыр. Болашақта қосымша абоненттерді қосуға мүмкіндік болады. Су құбырлары жетіспейтін аумақтарға да жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырмыз, – деп атап өтті Жанболат Токмұрзин.

Жалпы, 2025 жылдың соңына дейін жауапты мамандар аймақты ауыз сумен толық қамтамасыз етуді көздеп отыр.

**Гүлім ҚУДАЙБЕРГЕН,
Е.Бөкетов атында
Қарағанды зерттеу университеті
филология факультетінің
II курс студенті**

Суретті түсірген автор

• АКЦИЯ

Толғандырған сауалға тегін кеңес

Қазіргі таңда заң мәселесінен сауаты төмен азаматтар аз емес. Өз құқығын білмей күрделі жағдайға түсіп жатқандары да бар. Құқықтық сауаттылық әр азаматқа ауадай қажет. Ол – заман талабы. Өйткені, кейбір азаматтардың күнделікті өмірде туындаған мәселелерін шешуде құқықтық сауаттылығы жетпей жатады. Сондықтан, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға қажетті шараларды қолдануға міндеттіміз. Жалпы заң тұрғысынан көмек алуда, мәселелерін заң аясында шешуде Қарағандыда өткен «Халық заңгері» республикалық акциясының маңызы зор.

Бұл акция 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң көмегін көрсету.

Акцияға заңгерлер, құқық қорғау органдарының өкілдері, адвокат, сот орындаушылар, жергілікті атқарушы органдардың басшылары, мекеме, кәсіпорын қызметкерлері қатысты. Шарада кез келген азамат облыстың заң қоғамдастығының өкілдерінен тегін кеңес алды.

Тиісті мамандар тұрғындардың өтінішін, талап-тілегін тыңдады. Мәселелердің заң аясында шешілу жолдарын түсіндірді. Кейбір қадағалауды қажет ететін мәселелерді өздеріне жазып алып, жұмыс жүргізлетіндігін, бақылауда болатындығын айтты.

Қарағандыдағы мемлекеттік және сервистік қызметтер орталығында өткен акцияда қабылдауды прокурор, адвокат, нотариустар, сот орындаушылары, мемлекеттік органдардың өкілдері жүргізді.

Осылайша, акция аясында тұрғындар өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша тегін қажетті кеңес, заң көмегін алды. Бұндай шаралардың халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруда, мәселелерін оңтайлы шешуде беретін пайдасы мол.

– Бізге әр түрлі жастағы және әлеуметтік жағдайы әралуан азаматтар

келді. Сұрақтар көп. Атап айтқанда, қарағандылықтар жылжымайтын мүлікке құқықтарын қалай тіркеуге, қорғанышылықты ресімдеуге, алимент өндіріп алу үшін қандай құжаттар қажет екенін сұрады. Адвокаттар қылмыстық және азаматтық құқық бойынша кеңес берді. Жыл сайын акцияға қатысушылар саны артып келеді, – деді Қарағанды облысы Әділет департаментінің бөлім басшысы Ғалым Әбдібаев.

– Мен жылжымайтын мүлікке құқықты даулау мәселесімен келдім. Занды бүге-шігесіне дейін білмегендіктен, біраз уақытымды босқа өткізіп алдым. Мұнда маған көп көмектесті. Кеңесшілер сауатты екен. Барлығын жақсы түсіндірді. Қай бағытта жұмыс істеуім керектігін айтты. Жалпы, бәрі түсінікті. Мұндай акцияны көп адамдар білікті мамандардың тегін қызметтерін пайдалана алатындай етіп, жиі өткізу керек, – деп есептейді қала тұрғыны Марат Исин.

Акция 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақытқа дейін 165 мыңнан астам қазақстандық заң саласынан тегін кеңес алған.

**Диана ТІЛЕМІС,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
филология факультетінің
II курс студенті**

• МАРАПАТ

Құтқарушыларға құрмет көрсетілді

Биыл елімізде болған көктемгі су тасқыны кезінде апат салдарын жою үшін Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарына біздің облысымыздан 125 адам мен 14 техника жіберілген болатын. Оның құрамында Теміртау қаласындағы азаматтық қорғау гарнизонының 24 құтқарушысы да болып, жуырда аман-есен ортамызға оралған еді.



**Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»**

Соған байланысты сондағы жасаған жаңқиярлық ерлік қимылдары үшін осы аптада Теміртау қалалық әкімдігінде оларға құрмет көрсетіліп, қала әкімі Ораз Тәуірбеков арқайсына Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыс етті.

– Олар 7 сәуір мен 20 мамыр аралығында облысымыздан аттанған құтқарушылардың құрамында сол барған аймақтарынан 800-дей тұрғын мен 140 ірі қара, ұсақ малды басқа жерге көшіріп, су жағалауларын патрульдеумен, бө-

геттерді инертті материалдары бар қашықтармен бекітумен айналысқан.

Сонымен бірге, Петропавл қаласының Подгора, Хромзавод шағын аудандарынан, сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Тепличное, Бескол және Вишневка елдімекендерінен 234 мың текше метр суды сорып, сыртқа шығарыпты. Сондықтан да, теміртаулық құтқарушыларға қандай құрмет көрсетсе де, лайық!

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

• РЕСМИ

Жеңілдетілген ипотека – жастар игілігі

Қазір баспана – басты мәселе. Әсіресе, қалада тұратындар үшін. Аймақта осыдан екі жыл бұрын облыс әкімдігі «Отбасы банк» акционерлік қоғамының қолдауымен іске қосқан жастарға жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасы биыл да жалғасын тапты. Оған 3 маусымнан бастап, құжат тапсыруға болады.

Аталған бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласының жас қызметкерлері, БАҚ, ЖОО және әлеуметтік сала өкілдері, квазимемлекеттік сектордың коммуналдық кәсіпорындарының қызметкерлерінің қатысуға мүмкіндігі бар. Биыл оған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мемлекеттік қызметшілер, ТЖМ және «Қазпошта» АҚ қызметкерлері санаттарының қосылғаны айта кету керек.

Бұл несие 35 жасқа дейінгі жастарға беріледі. Ресми еңбек өтілі кемінде бір жыл болуы керек. Міндетті түрде ҚР

азаматтығы және қарыз алушының және оның отбасы мүшелерінің меншігінде жылжымайтын мүлік болмауы (соңғы 5 жыл ішінде) қажет.

Банк қарыз алушыға 20 млн. теңгеге дейін бере алады. Үміткерлердің қолында кемінде қарыз сомасының 10%-ы мөлшерінде бастапқы жарна болуы тиіс. Сонда ғана тұрғын үйді жылдық 6%-бен ресімдеуге рұқсат етіледі. Несиенің максималды мерзімі – 19 жыл.

Бір айта кетерлігі, Қарағандыда жеңілдетілген бағдарламамен жаңа және қайталама нарықтан тұрғын үй сатып

алуға болады.

Үміткерлер банкке жеке куәлік, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (неке қию және балалардың тууы туралы куәлік – бар болса), өтініш берушіге және отбасының барлық мүшелеріне жылжымайтын мүліктің жоқтығы туралы анықтама, жұмыс орнынан ресми бланкіде анықтама (ресми бланк болмаған жағдайда анықтамада ұйымның мөрі болуы тиіс), еңбек өтілін растайтын құжат, еңбек қызметінің барлық кезеңі үшін зейнетақы аударымдары туралы үзінді көшірме, мүгедектігі туралы анықтаманы (бар болса) ұсынуы керек.

Құжаттар 3-7 маусым аралығында 9:00-ден 18:00-ге дейін (түскі үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) қабылданады.

Өз тілшімізден

• ҚАЙДА ОҚЫҒЫҢ КЕЛЕДІ?

Қоғамда қандай маман қат?

Биылғы оқу жылын республикамызда 172 мыңнан астам оқушы аяқтады. Қарағанды қаласы бойынша 11-ші сыныпты 2960 түлек аяқтады. 33 түлек – «Алтын белгіге», 132 түлек – «Үздік аттестатқа» үміткер.

2024 жылғы тестілеуге 5992 түлек, яғни, 79,7% адам қатысатынын бұдан бұрын хабарлаған болатын білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова. Бұл –2023 жылғы есеппен салыстырғанда 3%-ға көп.

ҰБТ рәсімі электронды форматта, заманауи прокторинг және бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіліп отыр. Тестілеу Қарағанды мен Балқаш қаласындағы «U-FUTURE» ЖШС-нің екі өңірлік орталық базасында

өткізіледі. Биылғы бөлінген білім грантының жалпы саны бакалавриатқа – 78 219, болашақ магистранттарға – 13 129, докторанттарға – 1 919. Жалпы, гранттың 19 344-і «Инженерлік өңдеу және құрылыс салаларына», «Педагогикалық ғылым» саласына – 13 735, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» мамандығына – 10 903 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» мамандықтарына 8 228 білім беру

гранты бөлінгендігін жария етеді ашық ресурстағы деректер.

Дұрыс мамандық таңдай білу – жарқын болашақтың кепілі. Алдыңғы жылға қарағанда биыл, 2024 жылы ең көп сұранысқа ие мамандықтар қатары артқан. «Әлеуметтік ғылымдар бойынша орта мектеп мұғалімдері», «Мектепке дейінгі білім беретін тәрбиешілер», «Жалпы және орта медицина», сонымен қатар, «Күтім көрсететін орта медициналық персонал», бұдан бөлек педагогикалық мамандықтарға да сұраныстар көп. «Арнайы білім беру саласындағы өзге оқытушылар», «Бастауыш сынып мұғалімдері», «Жаратылыстану ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері»,

«Математика ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері», сонымен қатар, «Есеп және аудит» сынды мамандықтар таңдалуда екенін интернет деректері жария етеді.

Елімізде маман иелері тапшы салалар да аз емес. Олардың қатарында, бастапқы құжат айналымы және төлемдер мен шоттар есебін жүргізуші маман іздеуші мекемелер де алдыңғы үштікте. Әкімшілік басқару, ұйымдастыру, үйлестіру, офис-менеджерлік, іс-қағаздар мен құжат айналымы жөніндегі салаға да мамандар жеткілікті.

Маманға зәру саланың бірі – «Ақпараттық технология», «Интернет, телекоммуникация», «Ин-

женерлер мен телекоммуникация» мамандарын да шама алып іздейді кәсіпорын-ұйымдар.

Қазақстан бойынша жарнама, маркетинг, PR (қоғаммен байланыс) мамандарына да сұраныс жоғары екен. Маманнан тапшылық көріп отырған саланың бірі – банк, инвестиция, лизинг. Одан бөлек, несие менеджерлері мен корпоративті тұтынушылармен жұмыс істейтін мамандарға да жиі іздеу салынады. Еліміздегі өндіріске да маман тапшылығы байқалады. Кәсіпорындардың көпшілігінде инженерлерге сұраныс өте жоғары. Әсіресе, тамақ өнеркәсібі, машина құрастырушылар мен металлургияға мұқтаж кәсіпорындар

да жетерлік.

Бұдан бөлек, жобалаушылар мен сауатты мамандар жетіспейді. Құрылыс нысандарындағы ұсталар мен инженерлерді, су беру және кәріз жүйесімен жабдықтаушыларды іздейтін хабарландырулар да көп. Көлік және логистика да кәсіби маманға сусап тұр. Туризм, қонақүй ісі, медицина, фармацевтика, масс-медиа мен іс-шараларды ұйымдастыру, қызмет көрсетуде де бос орындар жетіп артылатын көрінеді.

**Лаура АМАНТАЙ,
Е.Бөкетов атындағы зерттеу университеті
филология факультетінің
III курс студенті**

Құттықтаймыз!

Нұра ауданының тумасы, Маржанкөл ауылында тұрған, аяулы да қадірлі анамыз **Сапар Жарленовна НУРМАҒАНБЕТОВА** 1 маусым мерейлі 90 жасқа толды.



Анамыз асыл жар, отыз жылдан астам саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған, тұл ардагері, бар өмірін отбасы және бала тәрбиесіне арнаған қамқор, адамгершілігі мол, парасатты, абзал жан, бір әулеттің ұйытқысы болып, балаларына өнегелі тәрбие беріп, саналы ұрпақ өсірген аса қадірлі жан.

Аяулы Ана! Мерейлі туған күніңіз құтты болсын!

Сізге сарқылмайтын денсаулық таусылмайтын бақыт тілейміз. Мынау өмір сіз арқылы қызық, мағыналы, қымбат. Тарыққанда – ақылшымыз, жабыққанда – сағынышымыз, өзіңізсіз. Алла сізге алдағы кезде тек бақытты ғұмыр берсін. Немере-шөберелеріңіздің қызығы мен қуанышын көріп, ортамызда қызығымызға тоймай жүре беріңіз!

Мына өлең жолдары бір өзіңізге арналады:
Самайдағы, ақ шашынның әр талына қарызбын,
Еш нәрсемен өтелмейді-ау парызым.
Жауаптымын, жанарыңнан, сырғанаса тамшы жас.

Ауырмашы, аман жүрші, көз алдымда көрініп,
Арамыздан ұзамашы бөлініп.
Айналайын деген сөзің жүрегімде, анашым
Ақ тілекшім, ақ жолтайым, ақ жүректің анашым.

Ізгі ниетпен: ұлы – **Фибрат**, қыздары – **Алия-Асем, Айжан**, немерелері – **Сұхбат-Әйгерім, Таңат-Жанар, Әсер, Рахат**, шөберелері – **Салидат, Дінмұхаммед.**

№206

«ЖАЙДАРМАН»

Үздіктер жолдамаға таласты

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің студенттер сарайы күлкіге көмілді. Білім ордасының қабырғасында «Жайдарман» әзілкештер мен тапқырлар сайысы республикалық Бірінші Лига ойындарының 1/4 ширек финалы өтті. Сайысқа 19 команда қатысты. Кезең қорытындысы бойынша 10 команда ғана келесі кезеңге жолдама алды.



«Жайдарман» – өзекті мәселелерді әзілмен жеткізетін тапқырлар алаңы. Бұл күнде ел жастары арасындағы танымалдылығын жоғалтпаған. Республикалық Бірінші Лиганың 1/8 финалы да Қарағандыда өткен еді. Ақтық сынның да жалауы осы **Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде** желбірейді. Еліміздің менмін деген әзілкештері бас қосқан додаға іргедегі Қытайдан да команда келді. «Алтай» деп аталатын команда қандастарымыздан жасақталған. Кешті «Жайдарман» Астана филиалының директоры **Фурхат Курбанов** жүргізді. Ол қарағандылық әзілкештердің өнерін жоғары бағалайтынын жеткізді. – Бүгінгі ойынның мақсаты – жас жайдарманшыларды шыңдау, Жоғары лига және эфирлік ойындарға баптау. Бірінші Лиганың Қарағандыда өтуі зор мәнге ие. Кейінгі жылдары қарағандылық әзілкештер сәтті өнер көрсетіп жүр. Соны ескеріп, кеншілер шаһарына қарай ат басын бұрдық. Ширек финал жоғары деңгейде өтті деген пікірдемін. Жастарды «Жайдарманға»

шақырамын! Адамды күлдіре алу – жоғары интеллектің белгісі, – деді **Фурхат Курбанов**. Жартылай финалға 6 команда жолдама алды. Сонымен қатар, 2 команда резервпен өтті. Тағы 2 ұжымда ақтық сынға өтетін мүмкіндік бар. Жолдама иеленгендердің ішінде жергілікті «Амазонка» мен «Орталық» командасы бар. – Қазір облысымызда Жоғары лигада ойнайтын команда жоқ. Бұл – жергілікті жанкүйерлерді мазалайтын мәселе. Осыған орай, Бірінші Лиганы әдейі Қарағандыға әкеліп отырмыз. Жергілікті командалар тәжірибе алып, басқа жайдарманшылармен аралассын, көрсін деген мақсатта. Мұнда тек әзілді емес, қазақ тілді аудиторияны да дамытып жатырмыз. Қытайдан қандастарымыз келді, – деді қазылар алқасының мүшесі, «Жайдарман» облыстық филиалының басшысы **Ернат Әбутаев**.

Ералы ҒАНИ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің II курс студенті

АКЦИЯ

Тұрғындарға заңгерлік көмек

Теміртауда «Халық заңгері» республикалық акциясы өтті. Акция барысында 40-тан астам адам тегін заңгерлік көмек алды.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Халық заңгері» акциясының аясында теміртаулықтарға қаланың заңгер мамандары тегін кеңес берді. Сондай-ақ, азаматтарды қабылдау форматында іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, оның ішінде, Теміртау қаласы прокуратурасының басшылығы қатысты. Кез келген қала тұрғынына өз сұрағын қоюға мүмкіндік берілді. Азаматтарды қабылдау уақытпен шектелмегендіктен, қабылдау соңғы келушіге дейін жүргізілді.

Акция құқықтық сауаттылықты арттыру және тұрғындарға тегін заңгерлік көмек көрсетуді көздеді. Жұмыс қорытындысын талдау нәтижесінде азаматтарды толғандыратын негізгі мәселелер алимент төлеу, жеке сот орындаушыларының жұмысы, салық салу, құқық қорғау органдарына және коммуналдық қызметтер бойынша кеңес алу екені анықталды.

Акцияны дәстүрлі түрде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, **Zakon.kz** әлеуметтік бағыты, «Параграф» ақпараттық жүйесі, Теміртау әкімдігі және қалалық заңгерлер қоғамы ұйымдастырып келе жатқанын атап өткен жөн.



ТЕМІРТАУ

ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Жас дарындар додасы

Дарынды балаларды анықтап, олардың дамуына қолдау көрсету мақсатында және Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, **Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде «Балдәурен» балаларға және жасөспірімдерге арналған аймақтық көпжарлы вокалдық байқау өтті.**

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Байқау эстрадалық, дәстүрлі ән және аспаптық жанр бойынша үш топқа бөлінген.

– Жас әншілер өздері шырақпаған ән тарихын жақсы меңгеріпті. Дауыс ырақтары да кәсіби әншілерге жетерлік-ақ. Жас та болса, әннің мазмұнын ұғып, сезініп шырқады. Қазылар алқасы да осыған баса назар аударып әділ бағаларын берді, – деп атап өтті Теміржолшылар мәдениет сарайы директорының Жаңа Майқұдық мәдениет үйі бойынша орынбасары **Амангелді Ахметжанов**.

Расында байқау шарттарына сай қатысушылар деңгейі өте жоғары. Бұл сөзімізді көрермен қауым да растады.

– Бұндай мәдени шараларға көп келмесе те, ән мен әншінің үйлесімділігін, әнді қалай шырақпа тұрғандығын, оның әншілік деңгейін таниғындай жастамыз. Байқау қатты ұнады. Жастардың



жеңіске деген ұмтылысы бізді жігерлендіріп, көңілге қуаныш ұялатты, – дейді көрермен **Бағым Бегалықызы**.

Сонымен, дәстүрлі ән жанры бойынша бас жүлдені №3 балалар өнер мектебінің оқушысы **Әлімхан Қабытаев**, эстрадалық ән жанрының бас жүлдесін **Инжу Түсіпбек** алды. Ал, аспаптық өнер бойынша бас жүлде №66 мектеп-лицейінің оқушысы **Аяулым Бауыржанға** бұйырды. **Ж.Төшенов** атындағы №54 мектеп оқушысы **Алия Асланова** I орын жүлдегері атанды. Ол 16-17 жас аралығында өнер көрсетті. Оның бұл жобаға қатысуына ұстазы **Мадина Асабуева** себепкер болған.

– Байге болған соң, жену мен жеңілу қатар жүреді. Десек те, байқау балалардың деңгейіне сай әділ өтті. Өнер көрсеткен жеткіншектер арасында осалы болмады. Тап осындай қарқынмен дайындықты үзбесе, бұл балалар қалаларлық тіпті, халықаралық байқауларда қара үзері анық. Мұны біз олардың табиғи таланты мен ынты-жігеріне қарап айтып отырмыз, – дейді жеңімпаз **Алия Асланованың** жетекшісі **Мадина Мейжанқызы**.

Сурет ұйымдастырушылардан

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Балалар мерекесі – әлем елдерінде

Халықаралық балаларды қорғау күнінің шығу тарихы **1925 жылы Швейцарияның Женева қаласында** өткен Балалардың денсаулығы мен бейбіт өмір сүруі туралы әлемдік конференциядан бастау алады. «Неліктен 1 маусым?» деген сұраққа сан түрлі дерек бар.



Бірі Женевада өткен жиын 1 маусымда орын алғандықтан десе, енді бірі дәл осы жылы маусым айының бірінші жұлдызында Қытайдың АҚШ-тағы бас консулы Сан-Франциско қаласында «Айдаһар-қайық фестивалін» тойлау үшін жетім балаларды жинаған себептен дейді.

1949 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстан жапа шеккен балаларды қамқорлыққа алу мақсатында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында балаларға күлкі сыйлау мейрамы қабылданды. Аталған бастаманы БҰҰ қолдап, балалар өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды басты бағыт деп жариялады. Осылайша, 1950 жылы алғаш рет 51 елде Халықаралық балаларды қорғау күні аталып өтті.

Өлемнің көп бөлігі мерекені I маусымда атап өтетіндігіне қарамастан, кейбір елдерде Балалар күні басқа уақытта да тойланады. Мысалы, шекаралас Түркия Республикасы 1920 жылы алғаш рет ресми түрде белгіленген ұлттық

мерекені 23 сәуірде тойлайды. Оңтүстік Корея мен Жапония 5 мамыр күні, Сингапур 1 қазан күні, Африка балаларын қорғау күні 16 маусымда, ал, Малайзияда қазан айының соңғы сенбісі күні атап өтіледі.

Сондай-ақ, Дүниежүзілік балаларды қорғау күні БҰҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары туралы Декларациясын еске алу үшін 20 қарашада атап өтіледі. Кейбір елдерде бұл балаларды қорғау күні емес, балалар апталығы аталады.

1946 жылы БҰҰ жанында балаларға көмек көрсетуге арналған ЮНИСЕФ ұйымы құрылды. Ұйым әлемнің түпкір-түпкірінен қайырымдылық үшін жиналған қаржыны балаларға қатысты мәселелерді шешуге бағыттайды.

Ғаламтор мәліметтері негізінде әзірлеген **Ақнұр МАРАТ, Е.Бөкетов атындағы зерттеу университеті журналистика бөлімінің II курс студенті**

ФЕСТИВАЛЬ

Балдырғандардың өнер жәрмеңкесі

Кеншілер мәдениет сарайында Халықаралық балаларды қорғау күні мен Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына арналған «Еркетай» Х облыстық балалар фестивалі өтті.

Аталған фестиваль 3-7 жастағы балалардың шығармашылық қабілетін арттыруға, эстетикалық және көркемдік талғамын дамытуға, баланы рухани-ұлттық тұрғыда тәрбиелеуге бағытталған.

Талантты, дарынды балалардың басын қосқан бұл фестиваль балдырғандарға вокалды ән айту (жеке орындау және вокалдық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырып отыр. Фестивальге **Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра,**

Осакаров, Шет аудандары мен Қарағанды, Балқаш, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларынан 500-ге жуық бүлдіршін қатысты. Әрбір қатысушыға ынты-ұлттық мақсатында диплом мен естелік сыйлық табысталды.

– Бала – бұтақ сияқты. Жас кезінен жақсы баптасаң түзу өседі. Мына өнерлі балақайлар осы алған бетінен қатпай, өнермен қатар, білімді және тәрбиені бойларына қатар сіңірсе, болашағы жарқын болары анық, – дейді қала тұрғыны **Күлстан Жасыбаева**.

Дарина САМЕН, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің II курс студенті

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

Қарағанды Шинсервис
ШИНАЛАР
Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ
• жеңілдік автокөліктері үшін
• жеңілдік жүк көліктері үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін
СӨ АЛҒАШ ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, БІЗ АЛҒАШҚЫ СЫЛМА САТАМЫЗ
Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

• ЖАҢА КІТАП

Таудай талапқа талант үйлессе...

(Жұпар Жақанның кітапшасын оқығанда)

Жазу өнеріне құмартып, жазушы болуға талпыну – әркімнің жеке бас шаруасы. Кей талапкер ә дегеннен-ақ қаламгерлік қармын байқапты, елді елең еткізеді. Өз айтары мен өзіне тән көркемдік өлшемі бар екенін бірден сездіру де оңай емес, асылы. Мұндайда білгірлік көрсетіп, ақыл айта берудің жөні жоқ. Кейде аға буын қаламгерлер енді көрінген талапкерге тым биіктен қарап, «Ана жері неге олай?» Мына жерін былай етпеді ме? деп көсемсіп кетері де жасырын ба?

Жұпар Жақан есімі бізге аса таныс емес екен, алайда қолымызға түскен бірсыпыра шағын туындыларын оқи отырып, оны жаңадан бастап жазып жүрген немесе енді үйреніп жүрген талапкер деуге болмайтынын байқадық. Ол сөзімізге дәлел, біріншіден – қаламгердің жылшыдақ мұз үстінде тұрғандай күй кештіретін, екіншісі бірі тәуекел етіп бара бермейтін мысал жанрына тәйсалмай қалам тартуы болса, екіншіден – астарлы ойын өте қысқа, барынша сығымдап жазуға машықтануы. Бұған қаламгердің өзіне тән алғырлығы мен қиялының біршама жоғары екенін тағы қосып қоюға болар! Орыстың атақты мысалшы-қаламгері Иван Крылов көлем жағынан шағын, бірақ астары тұңғық терең мысалдарымен-ақ өз заманында қатарластарын ғана емес, әлемдік әдебиет майталмандарын мойындатып кетті. Бірден айтуға болады, қазіргі қазақ әдебиетінде осы мысал жанры мүлде кенжелеп



қалды, бұған қалам тартушылар жоқ есебі немесе саусақпен сарналық қана. Осы орайда, әлбетте, Жұпар Жақанның әдебиеттегі енді басталған қадамын қол соға құптасақ, артық па?

Автор екі бөлек топтастырылған көркем дүниелерінің бірін балаларға арналған («Чипси мен

Шибайырсақ») деп атаса, екіншісін («Құлақ пен талғам») үлкендерге арналған шығармалар деп айдарлапты. Бірақ, біз бұл туындыларды оқи отырып, анау айтқан үлкен айырмашылықты байқамадық. Мәселе – өмірде бар, болып жатқан әртүрлі кереғар жәйттерді туралап айтпай, астарлап жеткізу-

ге тырысуы, яғни, мысал жанрына бейімдеуінде болып отыр. Айталық, бірінші бөлімдегі «Мысал әлемінде» топтамасын ересектер де тұшына оқып, кейбір жәйттер жайында ойға қалуы әбден ықтимал. Керісінше, екінші бөлімдегі «Өмірлік сабақ» топтамасын жас балалар да оқып отырып, зердесіне тоқып алатын астарлы ойлар мол екеніне көз жетті.

Мысал жанры, сөз жоқ, терең ой мен астарлы оқиғаға құрылып, сосын оқыған адамды әрі-сәрі күйге түсіріп, кісі қиялын қиырларға жетелеп әкетуге себепші! Мұхиттағы айсберг секілді, баяндалған жағдайдың жартысынан көп бөлігі түрін бермей, бүркемеленіп тұрады, тек ішкі түйсік хәм байқампаздықпен ғана сезінуге болатын қайырымдар алдына тартылады. Бұл тұрғыда ауыр жанрды таңдаған авторға айтарымыз – алдағы уақытта ой ұшқырлығы мен қиял кеңістігін тағы да ұштай түссе деген тілек бар. Тағы бір есте боларлығы – мысал жанрында пафос пен желпінте баяндау жағына барынша сараңдық танытып, мейлінше сақ болу ауадай қажет.

Ал, жалпы алғанда, өз басым әдебиет деген киелі әлемнің есігін ашып кіруге хақы бар, ойы мен өзіндік тілі орайласып жатқан, тағы бір талабы зор қалам иесін көргендеймін. Ең бастысы – таудай талап пен таланттың үндесуі ғой. Екеуі біріксе, алынбайтын қамал жоқ!

Жолтай ЖҰМАТ-ӘЛМАНШҰЛЫ,
жазушы-драматург,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Сурет автордан

• КЕЗДЕСУ

Аңыз актермен жүздесу

С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының кіші залында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, драматург, «Менің атым Қожа» фильміне Қожа рөлін сомдаған актер Нұрлан Санжармен шығармашылық кездесу өтті. Іс-шараны Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына және Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына орай Абай атындағы облыстық балалар кітапханасы ұйымдастырды.



Кеш облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мәдениет және өнер бөлімінің бастысы Қадыр Әжекев құттықтау сөзімен басталып, кеш иесімен сұхбатқа ұласты.

Кездесу барысында жазушы шығармашылық әлеміне саяхат жасап, өмірінің қыр-сыры туралы баяндап, «Менің атым Қожа» фильмі туралы тың ақпараттарымен бөлісті. Түсірілім барысындағы қызықты оқиғаларын еске алып, фильмге түсуге келісім беруінің себебі, «Сабақтан босатыласың!» деген режиссердің бір сөзі болғанын жымия еске алды.

«Мені «сабаққа төрт ай бойы қатыспайсың» деген бір сөзі арбап алды. Бірақ, соңында өзім бесінші сыныпты екі рет оқып шығатынымды кім білген?..», – деп жиналғандарды ду күлдірді Нұрлан Санжар.

Қарағандының қазыналы оқу ордаларының ұлағаты ұстаздары мен білімгер жастары жазушымен әдемі әңгіме өрбітті. Нұрлан Санжардың шығармашылық жолы – өте ерекше. Оның «Періште», «Қызыл қар» хикаяттары және «Нежданний гость – Джучи», «Бату-хан» романдары жарыққа шықты. Актердің «Ангелочек» повесінің желісімен түсірілген «Ангело-

чек» балалар телесериалы Ялта телевизиялық фильмдер фестивалінде арнайы сыйлықпен және Мәскеу телефорумының жүлдесімен марапатталған.

Бұл іс-шара балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына қызығушылық танытатын үш буын өкілдерінің бір кеште бас қосуына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, шарада «Мен Қожаның егізімін» облыстық фестивалінің жеңімпаздары марапатталып, драматург жеңімпаз балаларға жылы режиссердің бір сөзі болғанын жымия еске алды.

«Менің атым Қожа» фильмінің сүйіп көремін. Ол сол дәуірдің шыңдығын көркем суреттеген әлемігін туынды. Біз тәртіпке бағынбайтын Қожаның бойынан Кеңестік жүйеге көнбейтін далалық қазақы рухты көреміз. Басты рөлде ойнаған актерді көріп бала күнім есіме түсті. Кеш өте әсерлі болды, – дейді қала тұрғыны Жазира Қуандықызы.

Акерке БОЛАТ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
журналистика бөлімінің
III курс студенті
Сурет ұйымдастырушылардан

• ФЕСТИВАЛЬ

Өнерде шекара болмайды

Қарағанды қаласында VI «Кукляндия» ашық фестивалі басталды. Фестиваль халықаралық деңгейде екенін атап өткен жөн. Қарағанды, Шымкент, Қызылорда, Екатеринбург, Гонконг, Бұқара, Йыхви қалаларынан келген 8 театр әр қаланың рухани-мәдениет ошақтарында барлығы 8 қойылым сахналайды деп жоспарлануда.

Оның қатарында Қазақстан театрларының «Золотой петушок», «Керік пен Мүйізтұмсық», «Бука», «Кішкентай ханзада», Ресейдің «Аладдин», «Өзбекстанның «Когда зажигаются звезды», Қытайдың «Show Chinese Tradition», Эстонияның «Красная шапочка» қойылымдары бар. Спектакльдердің тәрбиелік тағылымы мол.

БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз мәслихатына Қазақстан, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Эстония елінен келген қуыршақ театрларының жетекшілері ойларын ортаға салды.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастысы Еркебұлан Жұмакенов фестивальдің рухани құндылығына тоқталып, ауқымды шараның қасиетті Сарыарқаның төрінде, өнер мен мәдениеттің қазаны қайнаған Қарағанды жерінде өтуінің де заңды екендігін ерекше атады.

– Осы фестиваль арқылы өзіміздің салт-дәстүрімізді, асыл мұрамызды, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге зор мүмкіндік алдық. Фестивальге қатысушылардың географиялық ауқымы кеңейіп келе жатқаны көңіл қуантады. Атап өтсек, биыл Қытай мен Эстония елдерінен қатысушылар келіп отыр. Осы арқылы біз өнердің ұлтқа, тілге, дінге бөлінбейтініне тағы бір мәрте көз жеткізіп отырмыз, – деді басқарма бастысы.

Арқа төсінде дүбірлеп өтіп жатқан фестиваль аясындағы небір майталман театрлардың қойылымдары қарағандылық көрермендердің көңілін шығып, қозғайтыны айналды сөзсіз.

Дильяра АБИШЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
журналистика бөлімінің III курс студенті



• ПРЕМЬЕРА

Жас театрдың ерекше қойылымы

Астаналық «JAN» иммерсивті театры облыстық С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында өнер көрсетті. Көрерменді естен кетпес әсерге бояп, сұранысына не болып жүрген театр жазушы Бейбіт Сарыбайдың «Өліара» лирикалық комедиясымен кеншілер шаһарына табан тіреді. Қарағандыда алғаш сахналаған туындының режиссері – Руслан Алишев.

Театр саңлақтары қарағандылық көрерменге ерекше әсер сыйлауға бар күш-жігерін салды. Театрдың өнер төресі санаған қарағандылықтар «JAN» театрын құшақ жая қарсы алды. Көрерменнің толассыз қошеметінен-ақ ыстық ықыласын байқадық. Десе де, қойылымды әуелде тосырқағанымыз рас. Бірден қабылдай алмадық. Бірақ, ортасына қарай барлығы нақтылана түсті.

– Иммерсивті театр – көрерменді дамып жатқан әрекетке «батыруға» тырысатын заманауи интерактивті театрдың танымал формаларының бірі. «JAN» театрының негізін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, Ақыш Омар мен Жанқалдыбек Төленбаев қалаған. Театр майталмандарының шәкірттері ұстанған «иммерсив» жанрын елімізде

алғаш рет «JAN» театры пайдаланғанын атап өту керек. Иммерсивті театрдың дәстүрлі театрдан басты ерекшелігі – ол сахнадан бөлек, көрерменді спектакльдегі актердің ойынына тікелей батырып, өзге әлемге жетелейді. Болашақта бұл театрымыз әр көрерменнің жүрегінен орын алады деген ойдамыз! – дейді режиссер Руслан Алишев.

Бұл қойылымда Алматы есімді жігіттің үлкен өмірге қадам басыу үшін жасаған ерліктері мен тағдыры бейнеленеді. Спектакльде кейіпкерлердің сөздері мазмұнды болған соң көрерменді бейжай қалдырмады. Алматының ауылына оралып, гашығы «Айдана ұзатылады» деген хабарды естіген сәті, оның сол сәттегі көңіл күйі көрерменге ерекше тебіреніс сыйлады.



Сонымен қатар, әртістердің айтқан әні мен костюмнің де қойылымға сәтті таңдалғаны айта кеткен жөн. Өндері қазіргі заман талабына сай әрі оны актерлер керемет нақышына келтіріп орындады. Өн мен образдары үйлесімін тапқаны байқалып тұрды.

– «Өліара» қойылымының астары мол екен. Одан арман қуған түлектердің үлкен өмірге аяқ басып, арман қуып, өз мақсаттарын орындауға жальдана тұрған жастарды көреміз. Қойылымнан алған әсерім керемет. Күлдік те, биледік те, қайғырып алған сәттеріміз де болды. Актерлер өз рөлін ойдағыдай алып шықты деп ойлаймын, – деп атап өтті көрермен Диана Тілеміс.

Қойылым соңында көрермен қауым ыстық ықыласын толассыз қошеметпен білдірді.

Әлішер СҮЛЕЙМЕНОВ,
Е.Бөкетов атындағы зерттеу
университеті филология
факультетінің II курс студенті
Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБИДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Бақлаш,
Призерлер: 8-702-293-1370
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 60 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**